

Өз халқын сүйген адам
ғана оның тағдыры
үшін күйе алады.

Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ»

6

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ МАҢЫЗДЫ!»



www.almaty-akshamy.kz



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ

Алматы қаласы әкімінің есебін тыңдады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевпен шаһардағы коронавирус індетінің таралуына қарсы атқарылып жатқан шаралар мен қаланың инфрақұрылымын дамыту мәселелерін телефон арқылы талқылады. Бұл туралы Президенттің Баспасөз хатшысы Берік Уәли Фейсбуктегі парақшасында хабарлады.

«Бақытжан Сағынтаевтың айтуынша, «дельта» штамының таралуына байланысты Алматы қаласындағы эпидемиологиялық жағдай күрделі болып тұр. Өткен аптада індет жұқтыру 1,4 есе артып, 7936-дан 10 805-ке жеткен. Бір тәулікте вирус жұқтыру 1,4 пайызға көбейген. Соңғы тәулікте жаңадан 1558 науқас тіркелсе,

олардың 1480-інде індеттің белгілері бар. Науқастар санының артуына байланысты қосымша жұқпалы аурулар ауруханалары ашылуда. Қазір 7625 науқас ем қабылдап жатыр, 2400 орынды төсек-орын қоры жасақталды.

Қаланың дәріхана желісін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мақсатында 5 миллиард теңге көлемінде тұрақтандыру қоры құрылды. 68 түрлі дәрі-дәрмектің қажетті мөлшері жасақталды. Қаланың медициналық ұйымдары дәрі-дәрмек пен жеке қорғаныш құралдарының екі айлық қорымен қамтамасыз етілген.

Тұрғындарға жаппай екпе салу жалғасып жатыр. Қалада 167 вакцина салу пункті жұмыс істеп тұр. 4 тамыздағы жағдай бойынша 740 487 адамға екпенің бірінші

компоненті, 545 954 тұрғынға екінші компоненті салынған.

Мемлекет басшысы Алматы қаласының әкіміне коронавирус індетінің таралуына жол бермеу бойынша жұмысты күшейтуді және шектеу шараларының сақталуын қатаң бақылауға алу жөнінде тапсырма берді.

Әңгімелесу барысында Бақытжан Сағынтаев Қасым-Жомарт Тоқаевқа Наурызбай ауданына қосылған ықшамаудандардағы тұрғындарды сапалы ауыз-сумен қамтамасыз ету және Абай даңғылын қала шекарасына дейін ұзарту жөнінде баяндады. Сонымен қатар, қаланың тарихи орталығындағы құрылыстарды шектеу мәселелері көтерілді», – деп жазды Президенттің Баспасөз хатшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ!

19 МИЛЛИОНҒА ЖЕТТІК!

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Твиттер парақшасында Қазақстан халқы 19 миллионға жеткенін хабарлады.



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

«Тәуелсіздіктің 30 жылдығында Қазақстан халқының саны тарихи межеден өтті: Алматы облысынан Жәния Азаматқызы 19 миллионыншы азамат болды», – деп жазды Қ.Тоқаев.

Жәния Азаматқызы 2021 жылғы 20 маусымда дүниеге келді. Алматы қаласында туған, отбасындағы 4-ші бала. Туу туралы актісіне сәйкес, нәрестенің ата-анасы (Назгүл Көбентаева мен Азамат Нұрғалиев) Алматы облысы, Іле ауданы, Чапаев ауылында тұрады.

Жәнияның ата-анасын құттықтауға Алматы облысы әкімінің орынбасары Арслан Дандыбаев пен Іле ауданының әкімі Бағдат Қарасаев

келді. Олар отбасын сәбидің дүниеге келуімен құттықтап, Алматы облысының әкімі Аманжол Баталовтың атынан Алғыс хат пен 1 000 000 теңге сертификатын, сондай-ақ балаларға сыйлық берді.

Соңғы 20 жылдықта бала туудың жоғары көрсеткіштерінің сақталуына байланысты Қазақстан халқы тұрақты өсіп келеді. Негізгі өсімді миллионер қалалар, сондай-ақ батыс және оңтүстік өңірлер қамтамасыз етуде. Жалпы, тәуелсіздік жылдары ішінде халық саны 2 557,9 мың адамға (15,5%) өсіп, ағымдағы жылғы 1 шілдеге дейін 19 009,6 мың адамды құрады.

Көбей қазақ! Сәбидің жасы ұзақ болсын! Қазақ Елі өсіп-өркендей берсін!

ҚЫСҚА...

- Мегаполисте эпидемиологиялық нашарлап, жедел жәрдем шақыру екі есеге артты, яғни күніне 3700 қоңырау түседі.
- Алматының 8 ауданында құқықтық мәселелер бойынша тұрғындарға 2 тамыздан бастап 2 қыркүйекке дейін тегін кеңес берілуде.
- Елімізде тұрғын үй сапасын тексеретін зертхана іске қосылуы мүмкін.
- Қазақстан фермерлері енді жылқы мен қой басын сақтандыратын болды.
- Ақтөбеде сармат дәуірінің қорымынан алтын жалатылған семсер табылды.



Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

АЛМАТЫНЫҢ ИНЖЕНЕРЛІК
ТОЛЫҚТАЙ

Кеше «Алматы» телеарнасының тікелей эфирінде қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың қатысуымен инженерлік инфрақұрылымды дамытудың онлайн-презентациясы өтті. Мегаполис басшысы онлайн-презентация барысында халықты жылумен, газбен қамту мәселесі қалай жүргізіліп жатқандығы жайлы және Алматы көшелерінің жарықтандырылуы туралы кеңінен баяндап берді.

772 көшеге сыртқы жарық
желілері тартылады

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев келтірген мәліметтерге сәйкес, қаладағы сыртқы жарық желілерінің ұзындығы 4815 шақырымды құрайды және 165 мыңнан астам шам бар. 2020 жылы жүргізілген инвентаризация нәтижесінде сыртқы жарығы жоқ 2024 көше анықталды. Мұндай көшелердің көпшілігі Түркісіб, Алатау, Наурызбай және Медеу аудандарында кездеседі.

Өткен жылы қала бойынша 1423 көшеге жарық желілері тартылса, биыл 601 көше жарықтандырылады. Қосымша жарықтандыру нүктелері биыл жартылай жарықтандырылған 171 көшеге, ал келесі жылы тағы 895 көшеге орнатылады. Сонымен, жыл соңына дейін 772 көшеге 18 743 шам орнатылып, жарықтандырылмақ.

Бытыр жалпы ұзындығы 103 шақырым болатын Достық, Гагарин, Шалыпин даңғылдары, Саин, Момышұлы, Жансүгіров көшелері, Солтүстік айналма тас жолы бойындағы жарық желілері реконструкцияланған болатын. Қаланың осы көшелеріне энергия жинақтайтын 5376 шам және 3165 бағана орнатылды. Нәтижесінде энергия тұтыну орташа 19,2%-ға қысқарды. Алдағы уақытта әлі де ескірген құрылғылары бар 48 көшедегі 7320 бағана мен 9105 шамды модернизациялау жоспарлануда. Бұдан өзге, Алатау, Медеу, Наурызбай және Түркісіб аудандарында жаңа жолдардың құрылысы кезінде 146 көше жарықтандырылып, 2 мыңға жуық шамдар орнатылады.

Алматыда қаланың сыртқы жарық желілеріндегі ақауларды қалпына келтіру үшін «Диспетчерлік орталық» тәулік бойына жұмыс істейді. Қала тұрғындарының өтініштері мен ұсыныстары 300-75-41, 300-75-42 телефондары арқылы, сондай-ақ «Open Almaty» және әлеуметтік желілер арқылы қабылданады. Күн сайын 100-ден астам өтініш өңделеді.

Алдағы уақытта қалада сыртқы жарық жүйесінің тиімділігін арттыру үшін паспорттау іске асырылады әрі қарай цифрлық картаны әзірлеу жоспарлануда. Басқаруды автоматтандыру ақауларды дер кезінде анықтауға және жоюға, жүйені модернизациялауға мүмкіндік береді. Жалпы, келер жылы Алматы көшелерін толық жарықтандыру міндеті қойылды. Бұл қалалықтар үшін жайлы ортаны қамтамасыз етумен қатар, қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттырады.

Шағынаудандарда
электр желілері
реконструкцияланады

Инженерлік инфрақұрылымды дамытудың онлайн-презентациясы барысында Б.Сағынтаев Алматыдағы «Алатау Жарық Компаниясы» желілерінің ұзындығы 8,5 мың шақырым екенін айтты. 2019-2020 жылдар аралығында иесіз деп танылған 304,8 шақырым желілер кәсіпорын балансына берілді. Биыл 106,4 шақырым желі коммуналдық



меншікке берілді. Орташа тозу 65% немесе 5,6 мың шақырымды құрайды. Негізгі энергия көздері – ЖЭО-1, 2, 3, Каскад ГЭС-ы, Қапшағай ГЭС-ы.

Өткен жылы Медеу, Наурызбай, Алмалы, Жетісу аудандарында 293,4 шақырым желі реконструкцияланды. 16 тарату пунктіндегі және 227 трансформаторлық қосалқы станциядағы құрылғыларға ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Мегаполистегі электр энергиясының тапшылығын және желілердегі төтенше жағдайларды азайту мақсатында бүгінде қосалқы стансалар салынуда. Бостандық ауданында «Каскад» қосалқы станциясының құрылысы жүріп жатыр, ол Каскад ГЭС-ындағы электр энергиясын тарататын болады. Қуаттылықтың ұлғаюы – 64 МВт. Жұмысты осы жылдың соңында аяқтау жоспарланып отыр. Жыл соңына дейін қаланың оңтүстік бөлігіндегі тұтынушылардың жүктемесін қамтамасыз ететін «Алмагүл» қосалқы станциясын іске қосу да жоспарда бар. Қуаттылықтың артуы – 100 МВт.

16 тарату пунктінде және Түркісіб ауданындағы 227 трансформаторлық қосалқы станцияда наурыз айында «Тұздыбастау» қосалқы станциясында құрылыс-монтаж жұмыстары басталды. Жобаның мақсаты – Алматының Түркісіб және Медеу аудандарындағы, сондай-ақ Алматы облысының Талғар ауданындағы тұтынушылардың жүктемесін азайту. Қуаттылықтың артуы – 64 МВт. Жұмысты 2022 жылдың желтоқсанында аяқтау жоспарланған.

Сонымен қатар, Жетісу ауданындағы «Кирпичная» қосалқы станциясының құрылысының жобалық-сметалық құжаттары әзірленді. Қосалқы станция қосылған аумақтардың тұтынушыларын электрмен қамтамасыз етеді. Қуаттылықтың артуы – 50 МВт.

Қалаға қосылған аумақтарды электрмен үздіксіз қамтамасыз ету үшін Медеу, Жетісу, Алатау, Наурызбай аудандарында жалпы ұзындығы 217,8 шақырымдық электрмен жабдықтау желілерін қайта құру жұмыстары жүргізілуде.

Жыл соңына дейін «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ апатты азайту мақсатында 10 тарату пунктін, сондай-ақ 608 трансформаторлық қосалқы станциясына жөндеу жүргізеді және компанияның балансына 204,7 шақырым желілер, сондай-ақ 106 трансформаторлық қосалқы станция беріледі.

Жылумен жабдықтау жүйесі
жаңартылады

Қала басшысы Бақытжан Сағынтаевтың мәліметі бойынша биылғы жылы Алматыда 9 шақырым жылумен жабдықтау желі қайта жаңартылады, бүгінде 11 шақырым жөндеді, бұл апатты жағдайларды әрі жылу шығынын азайтуға мүмкіндік бермек.

Қала әкімінің айтуынша, қаладағы жылу желілерінің ұзындығы 1,288 мың шақырым, оның 289,3 шақырымы магистральдық желі, 994,9 шақырымы тарату желілері.

Жылу желісінің 4 шақырымнан астамы


иесіз қалған. Жылу беру желілерінің орташа тозуы 62%-ды құрайды. Ыстық су тұрғындардың үйлеріне 71 сорғы стансасы арқылы беріледі.

Қаланың 70%-ы үш жылу көзімен жылытылады, олар: ЖЭО-1, ЖЭО-2, «АлЭС» АҚ-ның Батыс жылу кешені – «Самұрық-Энерго». Қалғаны 83 жылу көзінен алады, олар: «АТКЕ» ЖШС жергілікті қазандықтары. Алматы қаласының 2020 жылы тұтыған жылу қуаты – 6,3 млн. Гкал.

Өткен жылы жылумен жабдықтаудың 16,1 шақырым желісі қайта жаңартылып, жөндеді. Нәтижесінде 45,1 мың тұтынушы үздіксіз жылумен және ыстық сумен қамтылды, ал жылу желілерінің тозуы 1,2%-ға төмендеді.

Биыл қаланың төрт ауданында 9 шақырымдық жылу беру желілерін қайта құру жоспарлануда. Алатау ауданында Райымбек даңғылынан Бартоғой көшесіне дейінгі 3,2 шақырым учаскелердегі желілер қалпына келтіріледі. Райымбек даңғылының солтүстігінен Өскемен көшесі бойымен Беломорский, Фадеев көшелеріндегі желілер жаңарады. Алмалы ауданында Розыбакиев көшесі бойымен Райымбек даңғылынан Төле би көшесіне дейінгі 2,6 шақырым желі, Бостандықта – көше бойымен 1,8 шақырым, Розыбакиев көшесі бойымен Ходжанов және Байқадамов көшелері арасындағы 1,8 шақырым желі конструкцияланады.

Медеу ауданындағы 1,3 шақырым, Қармысов көшесі мен Бөгенбай батыр, Шевцов көшесінің аралығындағы және Уәлиханов





ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖАҢАРАДЫ



көшесі бойымен Мәметова және Әлімжанов көшелері арасындағы жылу желілері жөнделді.

Сондай-ақ, 11 шақырым желі жөнделіп, 1,2 мың вентиль және 12 қазандық қондырғы ауыстырылмақ, 5 сорғы станциясы реконструкцияланады.

Өткен жылдың мамырында «Оңтүстік аудандық қазандықты» қайта құру Бостандық ауданындағы жылу энергиясының тапшылығын жаба бастады. Қайта құру қазандықтың қуатын 55 гкал/сағатқа дейін арттырады. Жұмысты жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған.

«Премьера» қазандығын жөндеу және кеңейту бойынша да жұмыс жүргізілетін болды. Бұл Наурызбай ауданындағы жылу жүктемесінің қуатын 100 гкал/сағатқа арттырады. Осылайша «Шұғыла» шағынауданындағы 28 мың пәтерді жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Түркісіб ауданындағы жылу жүктемелерін азайту үшін «Вокзал» қазандығын қайта құру жоспарлануда. Бұл оның қуатын 15,12 гкал/сағатқа дейін арттырады және Сортировочная, Белградский, Земнухов, Сауранбаев, Чехов көшелерінің 4 мың тұрғынын жылумен қамтитын болады.

Екі мыңға жуық үй газбен жабдықтау жүйесіне қосылады

Өткен жылы Алматыда 6 мыңға жуық үй газ желісіне қосылды. Халықтың әлеуметтік осал тобына жататын 92 жеке тұрғын үй пайызсыз несиелендіру жобасы аясында үйлеріне газ тартуға мүмкіндік алды.

Биыл 1943 үйді газ желісіне қосу жоспарланып отыр. Оның ішінде 1684 жеке тұрғын үй газ желілеріне қосылған. Желілерге қосыла алмайтын 259 үй биыл «Қаз-ТрансГаз Аймақ» АҚ-ның 2022 жылы оларды газ желілеріне қосудың инвестициялық бағдарламасына енгізілген.

Ағымдағы жылы бу және газ қондырғы құрылысы арқылы ЖЭО-2-ні газға көшірудің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жоспарлануда. Жобаның мемлекеттік

сараптамасын беру мерзімі – 2021 жылдың желтоқсан айы. Жобаны іске асыру атмосферарадағы залалды заттарды 38 мың тоннадан 4,7 мың тоннаға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы газ инфрақұрылымын дамытуға және газ құбырларының өткізу қабілетін арттыруға бағытталған ірі жобаларды іске асыру жоспарлануда, олар қазіргі кезде сағатына 880 мың текше метрді құрайды. Бұл Алматыда газды тұтыну мүмкіндігі бойынша жеткіліксіз.

Газ желілерінің өткізу қабілетін арттыру және тұрғындарды газбен үздіксіз қамтамасыз ету үшін барлық сегіз ауданда 40 шақырым желілер реконструкцияланады.

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев инженерлік инфрақұрылымдарға қатысты соңғы бір жылда атқарылған ауқымды істерді баяндай келе қала тұрғындарының бірқатар сұрақтарына да жауап берді.

– Бақытжан Әбдірұлы, осыған дейін жүргізілген аудит бойынша 2024 көшеде жарық жоқ болса, қосымша жүргізілген тексеруден кейін тағы 1666 көше анықталған. Қаламызда жалпы аудиттік тексеру қаншалықты жиі жүргізіліп тұрады?

– Үнемі аудит жасаудың аса қажеті жоқ. Қаладағы көше саны белгілі, тек әрбір көшедегі жарық штамптарын нумерациялау қажет. Яғни цифрлық жүйе арқылы бақылауға алуға болады. Сонда қай көшеде қандай жарық бағаны бар екенін, жұмысы қалай, қай жылы қойылғанын біліп отыруға болады. Жарық бағандарын цифрлау арқылы біз жарықпен жабдықтау жұмыстарын бір жүйеге келтіре алатын боламыз. Байқап қарасақ, бізде олардың бірі темірден, бірі бетоннан жасалып, әртүрлі түске боялған. Сондықтан жарық бағандарының бірдей дизайнында болуында көңіл бөлсек, қала көркіне де әсер етеді. Жалпы, цифрлық технология жарық шамдарының істейтінін немесе істен шыққанын бірден анықтауға мүмкіндік береді. Біз осы тарапта бірқатар жұмыстар жасап жатырмыз.

– Қаладағы жарық желілерінің 62%-ы

жаңа LED үлгідегі жарықтандыруға ауыстырылғанына қала тұрғындары куә. Айтыңызшы, бұл қаладағы электр энергиясын үнемдеуге қаншалықты көмектесті?

– Жалпы жоғарыда айтып өткен 7 көшенің тиімділігі 19% болса, қала бойынша едәуір жоғары көрсеткіш беретіні анық. 19-20%-дың өзінен қаншама қыруар ақшаны үнемдей аламыз. Бұл жерде LED-тің тиімділігі тек үнемдейтін ақшада емес, ол шамдардың жұмыс істеу мерзімі де әлдеқайда ұзаққа жарамды екенін ескеру керек.

– Алматыда 2019 жылдың шілде айында 78 мың жарықтандыру шамдары болды, ал қазір қаламызды 165 мың шамдар жарықтандырады. Яғни шамдар саны екі есе көбейіп отыр. Осындай ірі жарықтандыру жүйесі қалай қадағаланады?

– Әрине, халық саны өскен сайын, жайлы өмірмен қамтамасыздандыру мәселелері де арта түседі. Сондықтан бәрін бірдей алып жүруге тура келеді, алайда мұнда жүйелі жұмыс қажет. Одан бөлек, қажетті жобалық металдық құжаттар болуы тиіс. Біз көшелерді жарықтандыру мәселесін тиімді шешу үшін МЖӘ аясында жұмыс істеу керек екенімізді түсіндік. Жобаны іске қосқан бойда біздің серіктестер бәрін жедел қолға алды. Жарықтандыру шамдарын орнатқанымызбен, оны бақылайтын диспетчерлік қызмет бөлек әңгіме. Шамдар істен шыққан жағдайда хабарды біз тұрғындардан емес, сандық технологиялар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, экраннан көріп отыруға тиіспіз. Осы бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып, келесі жылы аяқталады. Тағы бір мәселе – тротуарлар. Әлі күнге дейін қала орталығында жарықтандырылмаған тротуарлар жетерлік. Өткен жылы біз үкіметке өз жобамыз бойынша мәселені шешуге рұқсат беруге өтініш білдіргенбіз. Өкінішке орай, бұл талпынысымыз оң нәтиже бермей, біздегі құжаттар бойынша министрліктердің рұқсатынсыз тротуарларға қатысты қажетті шараларды жүргізе алмай отырмыз. Дегенмен, қайта жөндеуден өткізіліп жатқан парктер, демалыс орындары мен бақтарда жарықтандыру жүйесін де толыққанды өзгертудеміз. Қорытындылай келе айтатыным, жарық мәселесі ешқашан ескерусіз қалмайды.

– Біздегі жылумен жабдықтау жүйелері бұрынғы заманнан қолданыста. Осы жылу жүйелеріне бақылау қалай жүргізіледі? Жылу жүйелерінің апаты қаншалықты жиі орын алады?

– Жылу жүйелерінің 60%-ы тозғандықтан, апатты алдын ала болжау мүмкін емес. Алайда, біздің Алматы жылу жүйесі әр аудандағы жүйелердің жағдайы, соңғы рет қашан жөндеу жұмыстары жүргізілгені, қанша рет істен шыққаны жайлы ақпаратқа ие. Сондықтан олар жөндеу жұмыстарын жүргізбестен бұрын бар мәліметтерді зерттеп, инвестициялық бағдарламалар аясында өз жұмыстарын бастайды. Ал қыста орын алатын апаттардың алдын ала алмаймыз. Ондай кезде жедел жөндеу мен қалыпқа келтіру жұмыстары жүргізіледі. Айта кететінім, былтырғы, оның алдыңғы жылы жылу маусымында ірі апаттық жағдайлар орын алмады. Бұл біздің қызметкерлердің адал еңбегінің жемісі.

Бақытжан Әбдірұлының айтуынша, халық үшін инженерлік инфрақұрылым жүйесінің сапалы болғаны аса маңызды. Жарыққа, жылуға, электр энергиясына, газға қол жеткізе алмай отырған адам ғана бұл құрылымдардың қадірін ұғады. Алматыда, әсіресе, қалаға жаңадан қосылған аудандарда инженерлік инфрақұрылымның аздап ақсайтыны көпшілікке аян. Осы орайда, қала басшысы тұрғындардың барлық сұраныстарын ескеріп, халықтың тұрмысына ең қажетті инженерлік инфрақұрылымдарды жөндеуді, іске қосуды, жаңартуды қолға алып, қыруар іс тындырды. Қомақты қаржыны, уақытты талап ететін жұмысты ұйымдастыру да оңайға соқпайды. Алдағы уақытта осы саладағы жұмыстар әлі де жалғасын таппақ.

Әзірлегендер Айнуір СЕНБАЕВА,
Айым НҰРМАН,
Динара МҰРАТ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Өткен жылы қалада

1 423

көше жарықтандырылды.



Ағымдағы жылдың соңына дейін қаланың

772 көшесінде

18 743

жарықшамдар орнатылады.



Шаһарда

1,26 миллион

тұрғын орталықтандырылған жылу жүйесімен қамтылған.



Алматыдағы

444,7 мың

үй мен пәтерге газ қосылған.



Былыр

5 894

тұрғын үй газ жүйесіне қосылды.





#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің
мен үшін
маңызы...»**Бактәулет
ӘЗІМХАНОВ,
магистр:**

– Тәуелсіздік – терең ұғым. Тереңіне бойлай алдық па, жоқ па, білмеймін. Ата-бабаларымыз егемендік үшін қолдан келгенше аянбады. Еркіндікті аңсады, түбінде ұрпақ-

тары қол жеткізді. Бүгінгі бейбіт өмірімізде халқына адал қызмет ететін азаматтар пайда болды. Ғылым саласында сүбелі үлес қосқан мамандар халқымызды әлем елдеріне таныстырды. Спорттық жарыстарда шабандоздарымыз жеңіс төрінен көрінді. Еліміз егемендік алған уақыттан бастап мемлекетіміздің жастарына шет елде білім алуға, тәжірибе жинауға өте көп мүмкіндіктер туды. Менің Австрияның Зальцбург қаласында оқуға мүмкіндік алғаным да осы таңдау еркіндігімнің болуы мен еліміздің тәуелсіз және өзге де озық мемлекеттермен жағдайының тең екендігінің арқасы деп білемін. Сондай-ақ, мемлекет тарапынан шет елде оқуыма үлкен қолдау болғаны еліме деген алғысымды арттырып, «Міне, менің тірегім – мемлекетім!» деп мақтанышпен айтатындай сезім тудырды.

**Мұхит АСҚАРУЛЫ,
колледж оқытушысы:**

– Тәуелсіз мемлекетте дүниеге келіп, осылай еркін өмір сүру мен үшін өмірдегі ең үлкен олжаның бірі дер едім. Бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізу жолында қаншама адамның өмірі құрбан болғаны және олардың

орасан зор еңбектері жатқандығы қазіргі азаттығымыздың қадірін сезінуге мүмкіндік береді. Меніңше, ойы еркін адамның қолынан келмейтіні жоқ және ол кез келген жерден мүмкіндіктерді ешбір қиындықсыз таба алады. Ал еркін саналы азаматтар деп қазіргі тәуелсіз мемлекетіміздің жас буындарын айта аламын. Заман ағымынан қалыспай, еркін дәуірде өмір сүріп жатқан біздің қазіргі ұрпақтың таңдау еркіндігінің болуы болашақта есепсіз мүмкіндіктерге жол ашып, мемлекетіміздің әлемдегі озық мемлекеттердің қатарына қосылуына себепкер боларына мен кәміл сенемін.

**Әлима
СОЛТАНҚҰЛОВА,
кітапханашы:**

– Тәуелсіздік – еліміздің бостандығы мен ұлылығының символы. Биыл егемендігіміздің 30 жылдығын атап өтудеміз. Осы жылдар ішінде кітапханалар қарқынды

дамып, үлкен жетістіктерге жетті. «Рухани қазына–2020» республикалық байқауы ұйымдастырылды. Қазіргі таңда мен де алтын қазынаны сақтаушы, әрі оқырмандарға нақты бағыт-бағдар беруші кітапхана мамандығын таңдадым. Осы салаға бет бұруыма ықпал еткен анашым еді. Ол кісі 1988 жылдары ауылдық кітапханада ақысыз жұмыс істеді. Бүгінде анамыз республикалық жарыста жеңімпаз атанып, «Ардагер кітапханашы» медалімен марапатталды. Менің осы салада жүргеніме 10 жылдың жүзі болған екен. Бүгінде тұрмыс құрдым. Тәуелсіз, азат елде отбасыммен бақытты ғұмыр кешіп жатырмын. Мен Тәуелсіздіктің бақытты ұрпағы болғанымға қуанамын.

Әзірлеген А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

**Әсел
ДАҒЖАН**

Қала әкімі «Nur Otan»-ның қабылдауына жүрген қала тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

«Nur Otan» партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы, қала әкімі Бақытжан Сағынтаев азаматтарды онлайн форматта қабылдады.

Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ғимараттарға қойылған құрылғыларға байланысты Н.Кенжебаев әкімге сауал жолдаған еді. Әкімнің тапсырмасымен комиссия құрылатын болды. Жайлы қалалық орта және Әлеуметтік әл-ауқат басқармаларының мамандары қоғам белсенділерімен бірге көтергіш құрылғыларының техникалық жағдайы мен қауіпсіздігін тексеріп, бақылауға алатын болды.

О.Костюлининаның Натаров көшесіндегі жол жамылғысын қалпына келтіру жөніндегі өтініші бойынша қала әкімінің орынбасарына сол жерге арнайы барып, тұрғындарға инженерлік желілерді қосу және жолдарды асфальттау жұмыстарының аяқталу мерзімі туралы ақпарат беру тапсырылды.

«Ақжар» ықшамауданы тұрғындарының атынан Е.Әділбеков Наурызбай ауданындағы жобаға еңбеген Лашын мен Берел көшелеріне инженерлік желілерді тарту мәселелерін

Мәселе онлайн шешілді



сұрады. Мегаполис басшысы сумен жабдықтау желілерін тартуды және келер жылы осы көшелерге су бұру желілерін салуды жобаға енгізуді тапсырды.

Жалпы, «Ақжар» ықшамауданында 21 мың адам тұрады және 5,5 мың үй бар. Өткен жылы 8,5 шақырым сумен қамту, 6,7 шақырым су бұру желілері салынды. Биыл 10,5 шақырым сумен қамту және 9 шақырым су бұру желілерін салу жоспарлануда. Ағымдағы жылы ықшамаудан тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ететін Ақсай су тазарту станциясының құрылысы басталады.

А.Темештің өтініші бойынша, Қоғамдық

денсаулық басқармасына оның кішкентай баласының денсаулық жағдайын дұрыс анықтау үшін комиссия құруды және қажет болса медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберуді тапсырды.

«Қамқор» әлеуметтік үйінде тұратын В.Денисенконың сұрағына жауап берген қала әкімі Бақытжан Әбдірұлы психоневрологиялық патологиясы бар балаларды оңалту қызметтері «Қамқор» ғимаратынан Шәріпов көшесіндегі өзге нысанға көшірілетіні туралы хабарлады. Бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларды толық 8 сағаттық сабақтармен қамтуға мүмкіндік береді. Өзге нысанға көшіру жыл соңына жоспарланған.

**Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ**

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында мегаполистің тыныс-тіршілігінің түрлі салаларына пилотты түрде енгізу үшін стартап-жобаларды іріктеудің басталғаны туралы айтып, Smart City Accelerator Almaty стартап жобаларын дамытудың қарқынды бағдарламасы іске қосылғанын жеткізді.

– Smart City Accelerator Almaty

стартап-жобаларын қарқынды дамыту бағдарламасын іске қостық. 80-нен астам жобаның ішінен іріктеліп алынған 20 жоба пилоттық негізде жүзеге асу мүмкіндігіне ие болды. Цифрлық шешімдер қаладағы түрлі қызмет жұмысының тиімділігін арттырып, тұрғындар үшін қалалық ортаның жайлылығын арттыру үшін қажет, – деді қала әкімі.

Алғашқы бес стартап, соның ішінде информатика сабағын оқытуға арналған онлайн-платформа, коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымының жай-күйіне автоматты түрде мониторинг жүргізіп, шектеулі аумақты қолжетімді етуге сеп-

тігін тигізбек. Сондай-ақ, құрылысшылар үшін геологиялық деректер базасын құруға, жол мен желілерді жөндеу, т.б. қалалық жобаларды тиімді басқаруға мүмкіндік беретін әлеуеті жоғары жобалар да бар.

– Қала үшін үлкен маңызға ие Smart City-ді құруға дайын IT-командалар үшін барлық жағдай жасалған. Бүгінде қалада IT-архитектурасы дайын кеңсе кеңістіктері бар. Бұл орындар оқыту тренингтері мен курс жүргізуге, сондай-ақ қалалық қызметтермен өзара байланыс орнатуға ыңғайлы диалог алаңы іспеттес, – деп атап өтті Бақытжан Сағынтаев.

Ержан БАБАҚҰМАРОВ:

Қоғам үшін қуанарлық жағдай

**Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров Мемлекет басшысының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында жаңа дене шынықтыру-сауықтыру орталықтарының жағдайымен танысты.

Соңғы жылдары қаламызда салауатты өмір салтын ұстанатын тұрғындардың саны артты. Халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында қала әкімдігінің қолдауымен жаңа спорт кешендері көптеп ашылып, қолданысқа берілді.

«Жастарды салауатты өмір салтына тарту мақсатында қаланың 8 ауданында тегін спорт секциялары мен үйірмелер ұйымдастырылды. Оның ішінде 50-ге жуық демалыс орталығы халыққа қызмет

көрсетеді. 2023 жылға қарай бұл көрсеткіштің санын арттырамыз деген ойдамыз. Қаламыз күннен-күнге өркендеп, өсіп келеді. Спортпен айналысатын, қызығатын жандардың саны артты. Бұл біз үшін, қоғам үшін қуанарлық жағдай», – деді қала әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров.

Тексеріс барысында «Жас қанат» шағынауданында және «Сұңқар» халықаралық шаңғы трамплиндер кешенінде салынып жатқан дене шынықтыру-сауықтыру орталықтары тексерілді. Бұл нысандар биыл пайдалануға берілетіндігі анықталды.

«Жаңа спорт нысандары арасында Түркісіб ауданының «Жас қанат» шағынауданында салынатын кешенді ерекше айта кеткен жөн. Бүгінде ғимарат 7400 шаршы метр аумақты алып жатыр, жұмыс барысы қарқынды істеліп жатқандығын көріп отырмыз. Ағымдағы жылы кешеннің құрылысы аяқталып, тұрғындарға қолданысқа беру жоспарланып отыр. Аталмыш кешенде үстел теннисі, хореография және басқа да спорт түрлері бойынша

секциялар ашылады. Сондай-ақ, қаламызда 3399 спорт ғимараты жұмыс істейтіндігін, оның ішінде: стадиондар саны – 12, спорт сарайы – 1, спорт кешені – 14, спорт ғимараттарының кешені – 12, бес бірдей құрама командалардың оқу-жаттығу орталығы бар екендігін атап өткен жөн», – деді Алматы қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Рүстем Байсейітов.

Сондай-ақ, құрылысы мен құрылымы жағынан теңдесі жоқ «Сұңқар» халықаралық трамплиндер кешеніндегі жөндеу жұмыстары да Ержан Жалбақұлының назарынан тыс қалмады. Мұнда бейімдеу-жаттықтыру орталығы бар жабық бассейн қарастырылған, оның құрамына тренинг пен кроссфит залдары, бассейн кіреді.

Кешеннің аяқталу мерзімі 2021 жылдың қыркүйек айына жоспарланып отыр. «Жаңа Алматы» бағдарламасы бойынша қала шетінде 6 дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен бір теннис орталығы салынатынын атап өткен жөн.



Өткен жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және Тәуелсіздік күні қарсаңында Алматыдағы Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасында «Сирек кітаптар мен басылымдар мұражайы» ашылған болатын. Осы уақыт аралығында Кітап палатасының ұжымы ұлттық руханиятымыз бен құндылықтарымызды ұлықтауда ауқымды жұмыстар жүргізіп, тағылымды шаралар ұйымдастырған.

Мұнда Алаш зиялыларының еңбектері, жүз жылдық тарихы бар құндылығы жоғары жәдігерлер бар. Ұжым мүшелерімен әсерлі кездесу өткізген соң, депутаттар сол еңбектермен де танысып шықты. Мекеме басшысы Әділ Қаженбайұлы Кітап палатасы мұрағатында сақталған кітап қоры туралы жан-жақты ақпарат берді, әлі де шешімін таппай келе жатқан мәселелерге тоқталды. Отандық кітап нарығының жай-күйі, авторларды насихаттау, авторлық құқық секілді кітап шығару саласындағы өзекті мәселелерді баяндады.

Депутаттар Кітап палатасы атқарған жұмыстар мен шараларға оң баға берді, оның ішінде еліміздегі қаламгерлер шығармаларының электронды нұсқасын орналастыруға мүмкіндік беретін Smart Qalamger жобасын, «Алматы ақшамы», «Қазақ әдебиеті» газеттерімен бірлескен «Асыл сөз жобасын» жоғары бағалады.

Сенаторлар Кітап палатасына келіп түскен басылымдарды өңдеуден өткізетін «Мемлекеттік библиография бөлімдерінің (қазақ



ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРАЛАРҒА ҰЙЫТҚЫ ШАҢЫРАҚ

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Нұртөре Жүсіп пен Динар Нүкетаева Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының ұжымымен кездесті



«Қазақ жастары сауатты, мәдениетті болуы үшін әлеуметтік мәселелермен қатар рухани мәселелерге көңіл бөлінуі керек. Атап айтсақ, көркем шығармалардың таралымын көтеру мәселесін қолға алу қажет. Шешімін таппаған мәселелерді нақтыласақ, оның орындалуына біз күш саламыз. Осыған дейін мәдениет саласы «қалдық принцип» бойынша қаржыландырылса, қазір олай емес, сен қозғалды. Сонау кеңестік кезеңдегі жинақтарды қайта басып шығара беруді тоқтатып, әдебиетте, әсіресе балалар әдебиетінде жаңаша, заман талабына сай етіп жазып жүрген авторлардың шығармаларын жариялау қажет. Оларға мүмкіндік жасалуы керек, – деді Нұртөре Жүсіп.

және орыс)» жұмысымен де танысты. Бұл бағдарда кадр дайындау мәселесінің өзектілігі белгілі. Осы ретте Динар Жүсіпәліқызы соңғы жылдары библиограф мамандарды даярлайтын бірден-бір жоғары оқу орны – Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университетіне мемлекеттік гранттар бөлінбейтінін айтып, қынжылыс білдірді. «Бұл мәселеге айрықша маңыз берілгендіктен, ректорлық бірнеше гранттық орын ғана бөлінеді, қалғандары тек ақылы оқуға мәжбүр» деп атап өткен сенатор ханым, жағдайдың шешімі іздестіріліп жатқанынан хабардар етті.

Ұлттық мемлекеттік кітап

палатасының директоры Әділ Қаженбайұлы Қойтановтың баспалармен бірлесіп, Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен, мәселен Арбатта, Республика сарайының алдында ашық аспан астында, күн суытқанда Әуезов театрының фойесінде кітап көрмелерін ұйымдастырып, оқырмандарды шығып жатқан кітаптармен таныстыруға болар еді деген ұсынысын қолдаған сенаторлар бұл бағытқа өз тараптарынан барынша көмек көрсететінін айтты.

2021 жылдан бастап «Мәдениет туралы» заңға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес, «Қоғамдық маңызы бар әдебиеттерді басып шығару және тарату» мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығармаларды қабылдау және алдын ала іріктеу Кітап палатасына жүктелген. Сенаторлар бұл шараның атқарылу барысына айрықша маңыз берді.

Мәртебелі меймандар ұлттың рухани қазынасын жинап, жүйелеп, сақтап, кітап нарығы мәселелерін шешуге атсалысып отырған Кітап палатасы – мемлекет үшін, ұлт үшін өте маңызды шара атқаратын ғылыми-библиографиялық, ақпараттық орталық екенін айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



СПОРТ

Жасөспірімдер жарады



Биыл 30 шілде мен 1 тамыз аралығында Болгария астанасы – Софияда MMA бойынша жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты өтті. Дүбірлі додада 23 елден 300-ден астам спортшы бақ сынады. Қазақстан атынан 29 спортшы жолдама алған. Оның бесеуі – 14-15 жас, ал топтың қалған мүшелері – 16-17 жас аралығындағы жасөспірімдер.

14-15 жас аралығындағы жекпе-жектің қорытындысы бойынша жарыстың екінші күні Қазақ-

станнан бірден үш спортшы – Түркістан облысынан Аяжан Ерғентай мен Аяулым Әубәкір,

Ақмола облысынан Елизавета Симаненко чемпионаттың қола жүлдегерлері атанды.

Әлем біріншілігінің соңғы күнінде 16-17 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында жекпе-жек өтіп, 47,7 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде БКО өкілі Гүлназ Абдрахманова күміс жүлдегер атанса, Эльнара Бисенова үшінші тұғырға көтерілді. Ақтөбе облысының спортшысы Жанна Қаскинова күміс жүлде, Алматы облысының өкілі Аружан Жақан қоланы еншіледі.

Ал Батыс Қазақстан облысының тумасы Раяна Ақдәулетова 70,3 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде әлем чемпионы атанып, жарыстың күміс жүлдегері атанған жерлесіміз Арухат Ибровамен тұғырға бірге көтерілді.

Сондай-ақ, 83,9 келі, 93 келі және 120,2 келіге дейін салмақ дәрежелерінде Игорь Ахматов (Қарағанды облысы), Никита Лямин (Қарағанды облысы) және Ілияс Сайфулин (Ақмола облысы) қола жүлдені жеңіп алды.

Жалпы, жарыс қорытындысы бойынша қазақстандық команданың есебінде бір алтын, үш күміс және сегіз қола медаль бар.



ойындарының жүлдегері жапониялық Юки Такаhashиді 6:4 есебімен ұтып, есе жібермеді.

Дайындаған Айжан БҮРКІТБАЕВА.

ТОКИО–2020

Кем дегенде қола жүлде

Токио–2020 Олимпиадасында бақ сынап жатқан қазақстандық спортшыларымыздың біразы жүлдеден үмітті.

Атап айтқанда, бокстан Қазақстан командасының капитаны Қамшыбек Қоңқабаев ауыр салмақта ресейлік Иван Верясовқа қарсы жекпе-жек өткізіп, 4:1 есебімен жартылай финалға өткен. Алайда, АҚШ-тың спортшысы Ричард Торрезге есе жіберіп алып, қоржынды қола жүлдемен толтырды. Тағы да бокстан қазақстандық былғары қолғап шебері Сәкен Бибосынов ширек финалда испаниялық Габриэль Эскобарды нокдаунға жіберіп, келесі кезеңге жолдама алды.

Сондай-ақ, отандық балуандар да қарсыластарына дес берер емес. Еркін күрестен 57 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде белдескен Нұрислам Санаев Азия

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ



Тегін оқуға мүмкіндік бар



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Пандемия салдарынан жұмысынан айырылған алматылықтарға кәсібін өзгерту ұсынылуда. Бұл ретте қала тұрғындары түрлі мамандықтар бойынша тегін кәсіби курстардан өте алады.

– Табысқа жетудің бірден-бір шарты – өзгеруге, оқуға, жаңа білім алуға деген құлшыныстың болуы, – дейді қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Диляра Иманқұлова.

Енді тігінші, аспазшы, веб-дизайнер, турагент секілді 41 мамандық бойынша алматылықтар тегін оқып қана қоймай, оқу кезінде 20949 теңге көлемінде шәкіртақы да ала алады. Бір ғана шарт – оған жұмыссыз қалған, жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз адам ретінде тіркелген алматылықтар шақырылады. Егер олар 10 ішінде жұмысқа орналаспаса, онда оларға қосымша кәсіби курстардан өту ұсынылады. Оқудың ұзақтығы таңдалған мамандыққа байланысты

1–3 айды құрайды. Қалада мұндай курстардың құны 35 мың теңгеден басталады. Ең бастысы, мұнда курсты аяқтағаннан кейін біліктілігін арттыру туралы сертификат беріледі. Жұмысқа орналасу кезінде оның көмегі көп болары сөзсіз.

Курстарды аяқтағаннан кейін көпшілік жаңа білім қорымен жұмыс іздеуге кіріседі. Алайда, қайтадан жалдамалы жұмысшы болуға көптің зауқы болмай қалады екен. Сондықтан олар жеке кәсіп ашып, басқа да жұмыс іздеушілерді жұмыспен қамтамасыз ететін көрінеді. Курстарда кейбіреулер бірге жұмыс істеуге болатындай адамдарды кездестіріп, соңынан бірігіп кәсіп ашып жатады. Ал кәсіптік курстардан өткеннен кейін өз бизнесін ашуға шешім қабылдағандарға жұмыспен қамту орталығы бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттен грант алуға жолдама бере алады. Орталықтың серіктестері, тіпті бизнес-жоспар құруға көмектеседі, үйретеді.

Жұмыссыз қала тұрғындарына тегін курстан өту үшін қалалық Жұмыспен қамту орталығына хабарласа жеткілікті.



ТЕЛЕМЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫ

бүгінге дейін 70 мың науқасқа қызмет көрсетті



Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматыдағы Телемедицина орталығының құрылғанына 1 жылға жуықтады. Қазіргі таңда Орталықтағы 26 бөлмеде барлығы 76 маман жұмыс істейді. Олардың құрамында терапевт, кардиолог, пульмонолог секілді түрлі саланың мамандары мен медициналық қызметкерлер халыққа кеңес беріп, науқастардың жағдайына мониторинг жасап отырады. Телемедицина орталығы ашылғалы бері мұнда 70 мыңға жуық адамға қызмет көрсетілген.

Телемедицина орталығының дәрігері науқасқа қалай көмектеседі? Орталыққа хабарласатын науқастардың ең жиі қоятын сұрақтары қандай? Мегаполис халқының денсаулығын бақылауда ұстап отырған орталық қызметкерлері осы сауалдарымызға жауап бере отырып, өз жұмыстарының негізгі алгоритмі жайлы баяндап берді.

– Телемедицина орталығының мамандары күндізгі және түнгі ауысымда тәулік бойы үздіксіз және демалыссыз қызмет көрсетеді. Соңғы апталарда COVID-19 вирусының жаңа штамдарының таралуына байланысты ауру өршіп кеткендіктен жүктеміміз де артып, орталыққа түсетін қоңырау саны 3-4 есеге көбейді. Айталық, шілде айындағы қоңыраулар саны маусым айымен салыстырғанда 4 есеге көп. Қазір күніне 4500-5000-ға дейін телефон қоңырау қабылдаймыз, өзіміз телефон шаламыз. Орталықтың маңызды функцияларының бірі – науқастардың карантин режимін сақтауын бақылау. Орталық қызметкерлері амбулаториялық деңгейде ем алып жатқан науқастарға бейнеқоңырау шалып тұрады, – деді Алматыдағы Телемедицина орталығы жетекшісінің міндетін атқарушы Жұлдыз Бауыржанқызы.

Орталық Алматыдағы барлық емханамен, ауруханалармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Ондағы мамандардың айтуынша, үйде емделіп жатқан науқастар карантин шараларын бұзған жағдайда



Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің аумақтық департаментіне тиісті сигнал беріледі, одан әрі қалалық мемлекеттік бас санитарлық дәрігерінің қаулысына сай тәртіп бұзушыға айыппұл салынады. Тәртіпті өрескел бұзушылар қала емханаларына мәжбүрлі түрде жатқызылады.

Болашақта ТМО Алматыдағы диспансерлік есепте тұрған науқастар мен жүкті әйелдерге де мониторинг жасауды жоспарлап отыр.

МАМАН ПІКІРІ

Дәуірбек МЕЙІРЖАН,
жалпы тәжірибелік дәрігер:

– Бізге көбіне адамдар ПТР-тесті оң шыққан жағдайда ары қарай қандай әрекет жасаймыз деп хабарласады. Кейбіреуі өзінде аурудың белгілерін байқаған кезде хабарласып жатады. Біз, ең алдымен, сол адамның қай жерден хабарласып отырғанын анықтаймыз. Кейін өзімен сөйлесіп отырып, жағдайының жеңіл, орташа немесе ауырлығына байланысты әрекеттерге көшеміз. Науқастардың жағдайы қандай деңгейде екенін білу және тиісті талдамаларды жасау үшін оларға мобильді бригада жіберіледі. Сондай-ақ, орталық қызметкерлері науқаспен бейнекеңес жүргізеді, науқастың жағдайын бағалайды, ем тағайындап, науқастың электрондық картасына өзгерістер енгізіп отырады.

КЕРЕК ДЕРЕК

*** Бүгінде Алматыдағы Телемедицина орталығында 10342 науқас кеңес алуда, олардың 63-і – стационарда емделіп шыққандар. Симптомды науқастар саны – 9818, симптомсыздар саны – 524. Телемедицина орталығының нөмірі – 1312, қалалық нөмір – 300-0506. Қоңырау шалу – тегін.**

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ»

Меруерт НАЙЗАБЕКОВА,
тігінші:

– Жұмыс орнымызда барлығы дерлік екпе алды. Жасымыз біразға келіп қалса да, алғашқылардың бірі болып вакцина салуға шешім қабылдадық. Екпе – адамзат баласын вирустан қорғайтын жалғыз жол.



Бұрын кішкентай кезімізде шешек, оба секілді ауруларға қарсы вакцина салдырдық. Сол кездің өзінде де аты жаман аурулардың екпесін көтере алдық. Бүгінгі күні еш жерім ауырмайды, өзімді жақсы сезінемін. Екі қызым да екпе алды. Олардың да денсаулығы жақсы. Сол себептен, қала тұрғындарына, замандастарыма айтарым – екпе алайық, өзімізді коронавирустан қорғайық.

Бакыт ТӨЛЕБАЕВА,
Олимпиадалық спорт мектебінің тәрбиешісі:

– Отбасымызда ең бірінші болып мен екпе алдым.

Одан кейін тәуекел деп анашым екпе ектірді. Екеуіміз де ресейлік «Спутник V» вакцинасын алдық. Қазіргі таңда денсаулығымыз жақсы, еш жеріміз ауырмайды. Жұмыс барысы балалармен өтетіндіктен олармен тығыз қарым-қатынаста боламыз. Үйде екі бірдей кішкентайым бар, соларды уайымдаймын. Қазіргі таңда COVID-19 індеті балалар арасында пайда болды. Сол себептен, ата-аналардың, ұстаздарының екпенің екі бірдей дозасын қабылдағаны құптарлық жағдай. Қаламызда эпидемиалық күрделеніп бара жатқаны жүрегімізді ауыртады, халқымыздың көп бөлігі екпе алып, ұжымдық иммунитет қалыптастырса дейміз. Сол кезде ғана бұрынғыдай қалыпты өмірге оралуға мүмкіндік туары даусыз.



Әзірлеген Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

«100% екпе алдық»



«Алматы желдеткіш зауыты» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы **Марат Бакқұлов** осы іргелі кәсіпорын қызметкерлерінің 100%-ы КВИ-ге қарсы вакцина алғанын айтты. Бұл туралы ол Facebook-тегі парақшасында жазды.

«Біздің зауыттың ұжымы ковидке қарсы вакцинаны бір ай бұрын 100% толық құраммен алды. Соның нәтижесінде былтырғыдан айырмашылық бар. Күн сайын бір-екі адам вирус жұқтыратын. Биыл науқастанғандар жоқ, яғни бірде-бір сырқат тіркелген жоқ. Құдды бір пандемия жоқ сияқты», – деп жазды кәсіпорын басшысы.

Тақырыпқа орай айта кетсек, ҚР Бас санитарлық дәрігерінің 14 шілдедегі қаулысында көрсетілген санатқа жататын жұмыс берушілер вакцина алмаған немесе 7 күн сайын ПТР-тестілеу арқылы саулығын дәлелдемеген қызметкерлерді штаттық режимде жұмысқа жіберсе, айыппұл арқалауы мүмкін. Әкімшілік құқық бұзу туралы кодекстің 462-бабының 3-бөлігі мен 425-бабында осындай нормалар қарастырылған.

Аталған қаулы бойынша жұмысы халықтың шоғырлануымен байланысты қызмет көрсету нысандарына қызметкерлерін 10 тамызға дейін COVID-19-ға қарсы вакцинаның 1-ші компонентімен, 1 қыркүйекке дейін 2-ші компонентімен қамтамасыз ету жүктелген болатын. Осы талапты орындамаған жұмыс берушілер жауапқа тартылуы мүмкін. Яғни медициналық қарсы көрсетілімі болмаса да вакцина алмаған немесе 7 күн сайын ПТР-тестілеу арқылы өзінің вирустан аман екенін дәлелдеп отырмаған адамдарды штаттық режимде жұмысқа жіберсе, 14 585 – 1458 500 теңге аралығында (5-тен 500 АЕК-ке дейін) айыппұл арқалайды. Айыппұлдың мөлшері жұмыс берушінің мәртебесіне байланысты ұлғайып отырады. Бұл аталған кодекстің 462-бабының 3-бөлігінде көрсетілген.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КЕРЕК ДЕРЕК

- **Қазақстанда жалпы коронавирус жұқтырғандар саны 600 мыңнан асты.**
- **Коронавирустан емделіп жатқан 1,7 мың қазақстандықтың жағдайы ауыр.**
- **Елімізде бір күнде 3,5 мың адам коронавирустан емделді.**
- **Республика бойынша 4 млн.-нан астам адам коронавирусқа қарсы вакцинаның 2-ші компонентін салдырды.**

Бір ғана жол бар



Алматының «қызыл аймақтарда» жұмыс істейтін медицина қызметкерлері қала тұрғындарына арнап бейнехабарлама жасады.

Бүгінде Алматыда 23 ковидтік стационар бар. Ондағы медицина қызметкерлерінің жүктемесі өте үлкен. «Қызыл аймақта» 5 мыңға жуық пациент ем қабылдауда, тағы 10 мыңнан астамы үй бақылауында. «Қызыл аймақ» дәрігерлеріне физикалық тұрғыдан ғана емес, психологиялық тұрғыдан да оңай болмай тұр.

Фтизиопульмонология орталығының реаниматолог-дәрігері Әбіш Досмұратов жансақтау бөлімінің 30 орынның барлығында

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

ҚАУЫН ДА ҚАУІПТІ

Қауын асқазан-ішек жолдары ауыратын адамдарға қауіпті. Ол іш жүргізуші ретінде әрекет етуі мүмкін.

– Қауын – калориясы төмен болғанына қарамастан, қорытылуы қиын өнім. 100 грамм қауында шамамен 35 килокалория бар. Қауынды аш қарынға немесе басқа тағаммен, оның ішінде жеміспен

ауыр науқастар жатқанын айтты. Ковидтік стационарда түсірілген кадрларда біраз адамның жасанды желдеткішке қосылғаны көрсетілген. Бұл – халықты «қорқыту» емес, Алматыдағы шынайы ахуал сол.

Шілдеде 20 мыңға жуық адам инфекция жұқтырған. Егер бір ай бұрын күніне 40–70 науқас ауруханаға түссе, қазір олардың саны 10 есеге артқан.

Фтизиопульмонология орталығының тағы бір реаниматологі Нұрсұлтан Ержігітов стационардағы вакциналанбаған науқастардың иммунитеті ауыр вирусқа қарсы қорғалмағанына алаңдаушылық білдірді. «Біз бәріміз жаппай вакциналанғанда ғана пандемияны жеңе аламыз. Бұл коронавирусты жұқтырмаудың және оның одан әрі таралуын тоқтатудың ең тиімді жолы. Ковидті жеңудің бұдан басқа жолы жоқ», – деді Н.Ержігітов.

Ал реаниматолог-анестезиолог Данияр Жейсембаевтың айтуынша, індет басталғалы дәрігерлер демалыссыз жұмыс істеп, талай адамның өмірін сақтап қалуда. «Бүгінде науқастардың 80%-ға жуығы – коронавирустың «дельта» штамын жұқтырғандар. Ол аса қауіпті әрі ешкімді аямайды. Бүгінде біз жастардың жансақтау бөліміне жиі түсетінін көріп жүрміз.

Қазақстанда миллионнан астам адам коронавирусқа қарсы екпе алды. Вакциналау өзінің тиімділігі мен қауіпсіздігін көрсетті, сондықтан иммунитетті қалыптастыру үшін тез арада вакциналану қажет», – деп атап өтті Д.Жейсембаев.

Айнұр НҮРСАБЕТ.

жеуге болмайды. Ол газ немесе диарея тудыруы мүмкін, – деді диетолог Ольга Кораблева.

Дәрігер қауынды тамақ ішкеннен кейін бір сағаттан соң жеуге кеңес берді. Ал гастрит, жедел панкреатит, холецистит және асқазан жарасы аурулары өршіген адамдар қауыннан бас тартқаны жөн.



ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

ҚАТТЫ АУЫРҒАҢДАР – ВАКЦИНА АЛМАҒАҢДАР

ҚАЗАҚСТАН елінде екпе салдырғандардың 0,1%-ы ғана коронавирус жұқтырған. Бас мемлекеттік санитарлық дәрігер Ерлан Қиясов осылай деп мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл имундаудың қауіпсіздігі мен тиімділігін растайды. Ал қауіпті індетке шалдыққандардың және коронавирус қатты тиіп жатқандардың 99,9%-ы – вакцина алмаған азаматтар.

ӨЗБЕКСТАН мамандары бірінші

егілген. Алайда, ұжымдық иммунитет жайында айту әлі де ерте деп отыр жергілікті мамандар. Ел тұрғындарының әзірше 40%-ы ғана егілген.

ИЗРАИЛЬ жерінде жасы 60-тан асқан тұрғындар вакцинаның 3-ші дозасын ала бастады. Бұл әлем бойынша алғашқы көрсеткіш екен. Бірінші күні КВИ-ге қарсы екпені 40 мыңға жуық адам алған. Тағы



кезеңде «Спутник V» вакцинасының 2 млн. дозасын өндіру жоспарлап отыр. Бүгінде 1,2 млн. өзбекстандық толық вакциналаудан өткен.

Еске сала кетейік, шілденің соңында бұл елде «Спутник V» вакцинасының бірінші партиясы құйылып, ол сапаны бақылауды тексеру үшін Ресейге жіберілген болатын. Бірінші кезеңде вакцина ресейлік шикізаттан жасалады, содан кейін осы препаратты өндірудің толық циклін құру жоспарлануда.

ГЕРМАНИЯ мемлекетінде 12–17 жас аралығындағы жасөспірімдер КВИ-ге қарсы вакцина қабылдай алады. Оларға екпе салдыру ерікті түрде ата-аналарының келісімімен жүзеге асырылады. Вакцина алдында бала міндетті түрде дәрігердің бақылауынан өтуі шарт. Осы жас аралығындағы 4,5 млн. балаға «BionTech/Pfizer» мен «Moderna» препараттарын салуға рұқсат етіліп отыр. Жергілікті билік өкілдерінің пікірінше, бүгінде дес бермей тұрған «дельта» көбіне балалар арасында тез тарап барады.

ҚЫТАЙ коронавирустың «дельта» штамынан қатты зардап шегуде. Қауіпті дерт елдің 27 шаһарында тіркеліп отыр. Жергілікті үкімет өкілдерінің мәлімдеуінше, соңғы күндері анықталған науқастардың саны 5 айдағы жалпы көрсеткішке жеткен. Мамандар күннің ыстығына қарамастан бетпердені шешпеуді талап етуде.

Қытайда 1 млрд. 670 млн. доза вакцина

200 мыңнан астамы вакцина салдыруға жазылған. Жергілікті биліктің болжамы бойынша, осы санаттағы тұрғындар тамыздың аяғына дейін толық егілуі тиіс.

Жалпы, бүгінге дейін Израильде вакцинаның екі дозасын да 5 млн.-нан астам адам қабылдаған.

АРГЕНТИНА ғалымдары коронавируспен ауырғаннан кейін 6 ай ішінде егде жастағы адамдардың есте сақтау мен ойлау қабілетінде көптеген деменциялық өзгерістер байқалатынын анықтады.

ШВЕЦИЯ ғалымдары болса коронавирустан жазылғаннан кейін алғашқы 2 аптада оны жұқтырған адамның жүрек-қан тамырлары ауруы асқынып, өміріне қауіп төнуі мүмкін дейді. Зерттеу барысында COVID-19 жүрек пен қан тамырларымен байланысты кеселдердің асқыну қаупін 3 есеге арттырған. Ғылыми зерттеуге 87 мыңға жуық науқас қатысқан.

ТҮРКИЯ елінде қаңтарда басталған жаппай вакциналау науқаны аясында COVID-19-ға қарсы екпенің 73,82 млн. дозасы салынған.

Жергілікті құзырлы органдардың мәліметінше, 41,15 млн. адам екпенің 1-ші дозасын салдырса, 27,62 млн.-нан астам адам толық вакциналанған.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

«Сау басқа – сақина...»



Нұржамал ӘЛШЕВА

Бүгінде барлық өңірде аптап ыстық болып тұр. Жаз мезгілінде бұдан ешқайда қашып құтыла алмасамыз анық. Бірақ одан қорғанудың тәсілі де жоқ емес. Мәселен, үйге, кеңсеге, тіпті көлігіңізге салқындатқыш кондиционер орнатуға болады. Алайда, оның кесірінен суық тиіп, ауырып қалатын жағдайлар да жиі кездеседі. Бұл салқындатқыштың зияндығынан емес, оны дұрыс қолдана білмеуден көрінеді.

Дәрігерлердің айтуынша, адам ағзасы ауа температурасының күрт өзгеруіне бейімделіп үлгермейді де, жазда суық тию, жөтел секілді аурулар сол себепті жиілеп кетеді. Қосулы тұрған кондиционерден 3 метр алыс отыру керек екен. Дәл осындай қашықтықта ауа температурасы неғұрлым төмен және ауа ағындарының алмасуы жоғары болады. Салқын ауа адамға дәл бағытталмай, төбе мен қабырғаның бойымен қозғалуы керек.

Сырттан ыстықтап келген адам тез салқындау үшін салқындатқыштың түбіне отыра кетсе, суық ұстап, бұлшықеттері тартылып қалуы мүмкін. Салқын бөлмеден бірден ыстыққа шыққан да аса зиян.

Кондиционер бөлмедегі ауа ылғалдылығын төмендетеді. Күні бойы салқын-

датқыш қосылып тұратын ғимаратта отыратын адамдар тері, көздің шырышты қабығы, тыныс жолдары ауруларынан зардап шегеді. Мұндай келенсіздіктің алдын алу үшін бөлмеге арнайы ауа ылғалдатқыш орнатып, аквариум қойып немесе бөлме субұрқағы сияқты ашық суы бар орта қалыптастыру керек екен. Кондиционер қосулы тұрған жерге сулы, дымқыл мата іліп қоюға да болады.

Түнімен кондиционер қосып қоюға да болмайды. Себебі, ұйқы кезінде адамның дене температурасы айтарлықтай төмендейді. Кейбір кондиционерлерде «түнгі режим» функциясы бар. Ұйықтар алдында міндетті түрде соны іске қосқан дұрыс. Ол режим салқын ауаны төбе арқылы бағыттауға, ауа температурасын бөлме ішіне қарай реттеуге көмектеседі.

Кондиционер қосылып тұрған кезде ғимараттың немесе көліктің есік-терезесін жауып қою керек. Айтпақшы, кондиционердің фильтрін тазалап отыру керектігін ескере бермейтіміз де бар. Егер оны тазартып отырмасақ, зиянды бактериялар бөлінуі мүмкін.

Күні бойы салқындатқыш қосып қоймай, күніне 3-4 рет есік-терезені ашып, бөлменің ауасын тазартып алған абзал. Бұл бөлмені оттегімен қамтамасыз етуге көмектеседі.

КОВИД-19: мамандар не дейді?

Светлана СҰЛТАНҒАЗИЕВА,
Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары:

ҮЙДЕ БОЛЫҢЫЗ



нарлар бір мезгілде 7045 пациентті қабылдай алады. Десе де, мұндай орталықтардың санын арттыру мәселесі қарастырылуда.

– Бүгінгі таңда тұрғындардың «Жедел жәрдемге» жүгіну көрсеткіші екі есе өсті. Күніне 3700-ге дейін қонырау тіркеледі. Шақырулардың шамамен 25-30%-ы коронавирустық инфекция мен пневмонияға қатысты. Қазіргі кезде ковидтік стационарлар бір мезгілде 7045 пациентті қабылдай алады. Десе де, мұндай орталықтардың санын арттыру мәселесі қарастырылуда.

Венера ТОХТАХУНОВА,
№36 қалалық емхана бас дәрігерінің ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы:

БЕТПЕРДЕНІ ӘЗІРГЕ ТАСТАМАЙЫҚ



де-бір қайғылы жағдай тіркелген жоқ және вакцинадан кейін аурудың асқынуы немесе өлуі мүмкін екені дәлелденбеген. Вакцина алған адамдардың КВИ инфекциясынан

– «КВИ-ге қарсы вакцинадан неге бас тартасыз?» деген сұраққа пациенттер «вакцина асқынулар тудырады және одан адам өліп кетуі мүмкін» деп жауап беріп жатады. Айтарым, бүгінге дейін бір-

Жанар СӘПИЕВА,
Қалалық Фтизиопульмонология орталығының директоры:

ОҢАЛТУДАН ӨТУ МАҢЫЗДЫ



ақ, науқастың өкпесі 25–30%-ға дейін зақым-

– Біз коронавирус індетіне шалдыққан науқастарды екі жыл катарынан емдеп келеміз. Осы уақыт аралығында вирустың қауіпті екендігін, адамзат баласына тигізер кері әсерімен етене таныспыз. Сондай-

Індет жұқтырған науқастардың бәрі ауруханаға жатқызууды қажет етпейді. Ауруы жеңіл болса, онда үйде емделеді. Бұл ретте жауапкершілік тұрғындарға жүктеледі. Үй карантиніндегі адам үйінде болуы керек. Мұндай науқастардың жағдайын Телеме-дицина орталығының кәсіби мамандары үнемі бақылап отырады. Олар тәулік бойы жұмыс істейді. Орталыққа 3000-505 немесе 1312 телефоны бойынша хабарласуға болады. Коронавирустық инфекциясының белгілері жедел респираторлық инфекцияларға ұқсас келеді. Ал «дельта» штамының айрықша белгілеріне ішектің бұзылуы, диарея, жүрек айну және тәбеттің күрт төмендеуі жатады. Сонымен қатар, вакциналанған аурудың клиникалық ағымы вакциналанбағанға қарағанда жеңіл өтеді. Егер екпе алған адамның жағдайы шамамен 10 күнде жақсарса, онда вакциналанбаған адамға 20 күннен астам уақыт қажет болады. Сондықтан аурудан қорғандың ең тиімді жолы – екпе алу.

қорғалғаны дәлелденді, ал вакцинадан кейін коронавирус жұқтыратындар өте аз.

Коронавирустық инфекция ауа тамшылары арқылы беріледі және ЖРВИ мен тұмаудан өзгеше. КВИ-мен ауырған адаммен тікелей байланыста болғанда ауру жұқтыру ықтималдығы 2,5 есе жоғары болады. Сондықтан бетперде тағу қажет. Сондай-ақ, адам бетперде тасқан кезде мұрнын, иегін және аузын жабуы керек. Сонда түшкіргенде немесе жөтелгенде вирустың бөлшектері бетпердеде қалады және сыртқа шықпайды. Нәтижесінде дерт жұқпайды.

Егер адам біртүтік бетперде тағып жүрсе, оны әр 3 сағат сайын ауыстыру керек. Әсіресе, 30–40 градус температурада жиі ауыстырып тұрған жөн. Өйткені, терлеген кезде бетперде тиімсіз. Бетперделер А сыныбында, яғни тұрмыстық қалдық ретінде шығарылады. Бірнеше рет қолданылатын бетперделерді күн сайын жуып, бу генераторымен булау керек. Үтіктеу қажет. Егер бұл ережелер сақталмаса, бетперде тиімсіз болады.

данса, кейін фибротикалық өзгерістерге ұшырауы мүмкін екендігін түсіндік. Стационарға түскен науқастардың өкпесінің зақымдануы КТ-3, КТ-4 деңгейінде, яғни 30%-дан асса, өкпе тінін массивті дәнекер тінімен алмастырады. Бронхоэктазия мен адгезия пайда болады. Бұл жағдайда оңалту ұзаққа созылады. Мысалы, вакцина алған науқастарда – 10 күн, вакциналанбаған науқастарда 20 күн немесе одан да көп уақыт алады. Көбінесе сауығудан кейін науқастар аздап еңгігеді, ұйқышылыққа, ұйқының бұзылуына шағымданады, депрессия болады. Ковид кез келген жағдайда өз зардабын қалдырады. Сондықтан оңалтудан өту маңызды.

Әзірлегендер
Айкерім НӘДІБЕКОВА,
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Бетперде таңсық нәрсе емес

Қазір бетперде бізге таңсық нәрсе емес, өміріміздің бір бөлшегіне айналып кеткендей.

Жалпы, бетперде ең алғаш басқалар танып қалмау мақсатында түрін қиған үшін қолданылған. Ғалымдардың айтуынша, қорғаныс бетперделері б.з.д. VI ғасырда пайда болды. Ал саяхатшы Марко Поло өзін естеліктерінде XIII ғасырда Қытайда императорға жасалған тамақтың иісі мен дәмі бұзылмау үшін қызметшілерге бетін шүберекпен жауып жүріп пісіруге бұйрық берілгенін айтады.

1347–1351 жылдар аралығында 25 млн.-нан астам адамның өмірін қиған وبا пандемиясы кезінде дәл қазіргі медициналық бетперделердің алғашқы аналогі пайда болды десек болады. Дәрігерлер аурудың ұлан-ғайыр арқылы таралатынына сеніп, тұмсықты бетперде пайдаланды. Сырт көзге біртүрлі көрінгенімен, бұл ерекше «тұмсықтың» іші ұлы ауадан қорғау үшін хош иісті шөптер мен дәмдеуіштерге толтырылды.

XVIII ғасырдағы индустриялық революцияның нәтижесінде Лондонда түтін басты.



Ұлы қалдық бөліп, түтін шығаратын зауыттар неғұрлым көбейген сайын, соғұрлым жағдай ушыға түсті. Тарихтағы ең ауыр жағдай 1952 жылы болды, 5–9 желтоқсан аралығында қалада 4 мың адам қайтыс болды.

Жалпы түтіннің салдарынан тағы 8 мың адам көз жұмды. Ол жылдары түтіннен қорғану үшін адамдар бетін шүберекпен орап жүретін болған. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Ұлыбритания үкіметі химиялық шабуылдың алдын алу үшін газ бетперделерін тек әскери адамдарға ғана емес, жай азаматтарға да беруге шешім қабылдады. 1940 жылы Лондонда қорғаныс бетперделері тіпті жылқыларға да кигізілді.

Әзірлеген Айым НҰРМАН.



ЕЛГЕ, ЖЕРГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІКТІ АРТТЫРАДЫ

«Құлагер» ықшамауданындағы көпқабатты біраз үйлердің сырты жаңарып, ал мектеп ғимараты жанындағы екі үйдің қасбеті мынадай әдемі суреттермен безендіріліпті. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында тұрғындардың еліне, жеріне деген патриоттық сезімін білдіру мақсатында қолға алынған жұмыс көптің көңілінен шығып жатқаны анық. Оған редакцияға хабарласып жатқан тұрғындар пікірі дәлел.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Гүлім МЫРЗАҚҰЛ, №53 үйдің тұрғыны:

– Біз тұратын №53 үйдің бір қабырғасына суретшілер «Жетісу ауданына 85 жыл» деген жазумен шабандоздардың, ал қасындағы үйдің қабырғасына Тәуелсіздік монументі, «Қазақстан» қонақүйі мен Телемұнара бейнеленген мурал салынған. Үйіміздің дәл алдында №148 мектеп орналасқан. Мына суреттерге қарап, әрбір қазақ баласының ұлтына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке бөленбеуі мүмкін емес. Сыртқа шығып, суреттерге қарай бергің келеді.



Бағдат ӘЛДІБАЙ, №38 үйдің тұрғыны:

– Қызымды балабақшадан алып келе жатқанда міндетті түрде мына суреттердің қасына тоқтаймыз. Қызықтап біраз тұрамыз. Өте әдемі. Рухыңды көтеріп, көңіліңе қуаныш сыйлайтын тамаша туынды.

Кенжебек ИМАНӘЛІ,

«Құлагер» ықшамауданы №42 үйдің тұрғыны:

– Муралдарды салуға дәл мектептің қасындағы үйлерді таңдап алудың өзі тапқырлық қой. Мектепке келген әрбір оқушыны көз алдында тұрған мына суреттер ойландырмай қоймас. Тәуелсіздіктің мәнін, қадірін түсіндіретін сурет екен. Керемет!

Нұрдәулет ҚАЛДАРОВ,

Жетісу ауданы коммуналдық-шаруашылық бөлімінің бас маманы:

– «Құлагер» ықшамауданындағы 18 көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттеріне орташа жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Үйлердің сырты қайта әрленіп, балкондары боялды. Келесі жылы 35 үйге дәл осындай әрлеу жұмыстарын жүргізу жоспарда бар. Ал мына муралдар құлагерліктерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Тәуелсіздік – қастерлі ұғым. Ал туған өлкені сүю – жүректің ісі. Біз бұл муралдар арқылы өскелең ұрпақтың бойына патриоттық сезімді қалыптастырғымыз келді. Сырттай қарағанда адамның бойына ерекше әсер етеді екен. Өте әдемі көрінеді.

ЕЛДІ ТАНЫМАЛ ЕТУДІҢ ЖОЛЫ КӨП



Динара
МҰРАТ

Еуропадағы кеңінен танымал компанияның негізін қалаушы, қазақстандық модельер Мәди Сыпатаев Қазақстан Республикасының жаңа туризм елшісі атанды.

Белгілі дизайнер ел туризмін дамытуға өзіндік үлесін қосу мақсатында жаңа топтамасын Қазақстанның танымал туристік бағыттарына арнауға ниетті.

Дизайнер әр киімнің бетіне Қайыңды көл, Шарын шатқалы, Шымбұлақ тау шипажайы, Байқоңыр ғарыш айлағы, Түркістан қаласы сияқты белгілі туристік орындардың көркем бейнелерін салмақ. Ал суреттер жанында орналастырылған QR-код арқылы аталмыш орындармен танысуға да мүмкіндік бар. Ол ұлттық туристік порталға ауысу мүмкіндігін береді. Мұнда кез келген адам жеті тілде толығырақ ақпарат ала алады.



«Мен әрбір қазақстандық жердің өркендеуін, туристер үшін тартымды болуын тілейді деп ойлаймын. Мұндай тілек менің де көкейімде. Франциядағы, Италиядағы, Ресейдегі, сондай-ақ Еуропаның басқа елдеріндегі

аудиторияға Қазақстанның сұлулығын жеткізуді суретші ретінде мақсатым деп білемін», – деді Мәди Сыпатаев.

Мұндай креативті тәсіл отандық туризмді танымал етуге көмектесетіні сөзсіз.

ӘЛЕУМЕТ

Жобаға қатысыңыздар



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығы 29 жасқа дейінгі жастарды «Алғашқы жұмыс орны» жобасына қатысуға шақырады.

Дәлірек айтсақ, жастар арасындағы жұмыссыздықты шешу үшін Алматыда ақылы жастар практикасынан басқа, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы да іске асырылып жатыр. Бұл жоба жастардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырып, оларға қажетті еңбек дағдылары мен бірінші жұмыс орнына бейімделуін қамтамасыз етеді. Осылайша жұмыс берушілер еңбек тәжірибесі жоқ жастарды жұмысқа қабылдауға ынталандыратын болады. Ол үшін жұмыс беруші Халықты жұмыспен қамту орталығымен жоғары оқу орны немесе колледж түлегін 24 айға жұмысқа орналастыру туралы шарт жасасады.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасына тұңғыш рет жұмыс іздеп жүрген түлектер, жұмыс іздеп жүрген адамдар, Халықты жұмыспен қамту орталығында тіркелгеніне қарамастан 29 жастан аспаған жастар, оның ішінде NEET санатындағы (жұмыс істемейтін және оқымайтын) жұмыс тәжірибесі жоқ жұмыссыздар қатыса алады.

Алғашқы жұмыс орнына жұмысқа орналасуға көпбалалы және/немесе аз қамтылған отбасылар, ең-

бекке қабілетті мүгедектер қатарынан үш жыл ішінде оқуды аяқтаған, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары түлектерінің құқығы басым.

Алғашқы жұмыс орнына жұмысқа орналасу үшін үміткерлер Халықты жұмыспен қамту орталығына өтініш бере алады. Ал аталған орталық 3 жұмыс күні ішінде құжаттарды салыстырып тексергеннен кейін үміткерлерге «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмысқа орналасуға жолдама береді.

Жоба бойынша жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру тәртібі бекітілген. Бірінші, жұмыс беруші Халықты жұмыспен қамту орталығына өтініш мен бос орынның болуы, қосымша жұмыс орнын құру мүмкіндігі туралы мәліметтерді береді. Екінші, жұмыс беруші Халықты жұмыспен қамту орталығымен жасасқан шарт негізінде «Еңбек» бағдарламасына қатысушыны кемінде 24 ай тұрақты жұмысқа орналастырады. Бұл ретте Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыстың бірінші жылы үшін еңбекке ақы төлеуді субсидиялайды. Үшінші, жұмыс беруші Халықты жұмыспен қамту орталығына Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген мерзімдерде тұрақты жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін жібереді.

Көш көлікті болғай!



«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек ресурстары жан-жақты қарастырылған. Ондағы қоныс аудару бағдарламасының да мүмкіндігі жоғары.

Егер сіз Алматы қаласынан жұмыс таппаған болсаңыз, онда мемлекет сізге басқа қалаға, атап айтқанда, солтүстік өңірлерге жұмысқа орналасуға көмектесе алады.

2017 жылдан бастап, Қазақстанда халық тығыз орналасқан оңтүстік өңірлерден жұмыс күші тапшы солтүстік облыстарға ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасы жұмыс істейді. Қоныс аударушылар әлеуметтік пакет (жұмысқа орналасу және тұрғын үй-мен көмегі) алады.

Жаңа тұрғылықты жерде ерікті өңіраралық қоныс аударуды мемлекеттік қолдау мыналарды қамтиды: көшуге материалдық көмек беру; тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеу; «ЖҚЖК-2020» бағдарламасы шеңберінде еңбек жастары үшін бұрын салынған (сатып алынған) қызметтік тұрғын үйлер және жатақханалардан бөлмелер беру,

сондай-ақ, тұрғын үй сатып алу (сатып алу) және/немесе салу арқылы қоныс аударушыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету арқылы жалға берілетін тұрғын үй беру; қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілерге субсидиялар беру; қажет болған жағдайда техникалық және кәсіптік білімі бар оқуға және қысқа мерзімді кәсіптік оқуға жіберу; жұмысқа орналасуға және кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесуді қамтиды.

«Еңбек» бағдарламасына қатысушыларға және олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ, отбасы жағдайына қарамастан, жалғызділікті адамдарға көшуге бір рет отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 35 АЕК мөлшерінде материалдық көмек беріледі. Көшуге материалдық көмек «Еңбек» бағдарламасына қатысушыға және оның отбасы мүшелеріне олар жаңа тұрғылықты жеріне келгеннен кейін беріледі.

Бұл жөніндегі толыққанды мәліметті Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығының (Достық даңғылы, 85-үй) мамандары айтып беруге дайын.

Нұр ЖАМАЛ.



МЕКТЕП ФОРМАСЫ уақытша міндетті емес



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Енді аз күнде жаңа оқу жылы басталады. Бұрындары дәл осы кезде ата-аналар үшін бір дүрбелең басталып, оқушылардың мектеп формасы таусылып қалатындай көрінетін. Былтырдан бері Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Қазақстанда жаңа оқу жылында мектеп формасын кию ережелері бойынша шешім қабылдап, еркіндік берген еді. Ата-аналар жағы биыл да мазасызданып, мектеп формасына қатысты мәселе тағы да көтерілді.

«Өткен жылы барлық жағдайды ескере отырып, біз оқушыларға мектепке тек мектеп формасымен ғана емес, классикалық стильдегі киімде де келуге мүмкіндік беретін шешім қабылдадық. Биылғы жылы да оқушылардың мектепке классикалық стильде баруына болады», – деп жазды Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Facebook-тегі жазбасында.

Бұл хабарды ата-аналардың қуана қабылдағаны да, қарсылық танытып жатқандары да бар. Әрине, оқушының бет-бейнесін айшықтап тұратын – ең алдымен, мектеп формасы. Бұл әлеуметтік айырмашылықтарды теңестіретіні тағы бар. Мектеп формасын еркіндікке жіберуді қоғамның әрқалай қабылдап жатқаны да сондықтан.

Білім министрі Асхат Аймағамбетов:

– Ата-аналардың, мұғалімдердің, мектеп әкімшіліктерінің және білім басқармасы басшыларының пікірлерін тыңдап, көптеген адамдар оқушылардың мектеп формасын кигенін қалайтынын байқадық. Дегенмен, барлық отбасының жағдайы бірдей емес, әртүрлі жағдайларға байланысты балаларына мектеп формасын сатып ала алмайтындар үшін тағы бір жылды міндетті емес ету туралы шешім қабылдадық, – деді.

Ол айтар ойын: «Біріншіден, эпидемиологиялық жағдайға байланысты қазір еліміздің көптеген аймақтарында карантиндік шектеулер бар. Базарлар мен дүкендер белгілі бір уақытта, кейбір қалаларда жұмыс күндері ғана жұмыс істейді. Егер ата-аналар балаларға мектеп формасын сатып алу үшін сауда орталықтары мен дүкендерге жаппай баратын болса, онда бұл COVID-19 жұқтыру қаупін тудыруы мүмкін», – деп нақтылады.

Білім министрлігі еліміздегі індет жағдайына байланысты кейбір отбасыларда мектеп формасын сатып алу отбасылық бюджетке қосымша жүктеме болатынын алға тартып, ата-аналар әртүрлі жағдайларға байланысты балаға мектеп формасын ала алмаса, оған түсіністікпен қарауға шақырды.

САУАЛНАМА

Қазір әлеуметтік желінің дәурені жүріп тұр. Не естісек те, алдымен содан хабардар боламыз. Оның бетіне шыға келген кез келген ақпарат кірпік қағып үлгергенше лезде әлемді шарлап кетеді. Жуырда мұғалімді «мырза, ханым» деп айтсақ қалай болады деген ұсыныс әлеуметке тарап, жедел талқыға түсті. Бұған сіз не дейсіз?



«ХАНЫМ», «МЫРЗА»

дейміз бе, демейміз бе?

**Күләш ОҢАЛБАЕВА,
профессор:**

– Менің ойымша, бұрынғыша «апай», «ағай» деп айтқан дұрыс. Әйтпесе, Күләш Қайранасырқызы, Болат Мұхтарұлы десе де жарасымды болар еді. Мәселен, мен орыс аудиториясына дәріс оқимын. Ондағы орыс өкілдерінің өзі мені «Күләш апай» немесе «Күләш Қайранасырқызы» (Қайранасыровна

емес) дейді, солай қалыптасып кеткен, өзімнің өтінішім бойынша.

Бала күнімізде біз жакта (солтүстікте) «мұғалім», «мұғалім, мен сабақ айтайыншы» дейтініміз. Ол да әдемі сөз. «Ұстаз» десе, тіпті салмақты болар еді. Ал «ханым» дегенде түбірі «хан» болса, «ханым» оның айналасындағы адамдарды білдірсе керек. Сондықтан «мырза», «ханым» көңіліме қонықырамай тұр.



**Сәбит ИМАНҒАЛИЕВ,
дәрігер, тіл жанашыры:**

– «Мырза» мен «ханым» еліміз егемендік алғаннан бері сіңісіп кеткен сөз сияқты. Неге десеміз, ерлерге «мырза», әйел адамдарға «ханым» деген сөздер бұрынғы Кеңес Одағы кезіндегі «Дүйсенбаев жолдас», «жолдас Дүйсенбаев» дейтін



жалпылама қарым-қатынас әдебінің орнын толықтай алды бүгінде. Бірақ бұл сөздер мұғалімдер қауымына томпақтау келетін сияқты. Ал «ағай», «апай» қазақтар үшін сіңісті болып кеткен жағымды сөз. Сондықтан оны өзгерте алмаймыз, не болса да. Егер басқаша атағымыз келсе, «ұстаз» десек, әбден жарасар еді. Бұл сөз ер адамға да, әйел затына да үйлесіп тұр. «Ұстаз» сөзіне барлық ілім-білім, тәрбие-тағылым жиынтығы сыйып тұрғандай.



**Римма АРАЛБАЙҚЫЗЫ,
қала тұрғыны:**

– Шыны керек, «ханым» мен «мырза» құлаққа біртүрлі естіледі екен. Бұлай деп байларды атаған бұрын. Яғни олар адамдардың қоғамдағы әлеуметтік статусы болған. Мұғалім – ол бай-манап, яғни шенеунік емес, қарапайым ұстаз. Егер сол сөздерді қолдансақ, мұғалім мен шәкірттің арасын тым ресмилендіріп, алыстатып жіберетіндей ме, қалай? Біз бала күнімізде «ағай», «апай» деп жүріп тәлім-тәрбие алып едік. Осы бір аяулы сөздерде соншама мейірім, ұлағат бар деп ойлаймын. Әйтпесе, «мұғалім» деп атайық. Бұл сөзден де биіктік, мәртебе сезіледі маған.

Сұхбаттасқан Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ҚАТЕР ҚАТАР ЖҮРЕДІ

Еңбек қауіпсіздігін сақтау – ескерілуге тиісті маңызды мәселе



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Жұмысқа орналассаңыз – басшылық тарап еңбек шартын ұсынып, электронды үкімет порталы арқылы сіз туралы толық ақпаратты алуға тырысады. Бұл – қалыпты әрі ең дұрыс қадам. Себебі, жұмыс беруші мен жұмыскер еңбек шартын жасасуға құқылы.

Еңбек келісім-шарты – жұмыс беруші мен қызметкер екеуара қызметтері мен міндеттерін айқындау үшін жасалатын шарт. Занда жұмыскердің де, жұмыс берушінің де құқығы анық жазылған. Десек те, бүгінгі күні қызмет барысында құқығы тапталып, заңсыздыққа кез болып жатқандар жетерлік. Өз еңбегінді бағалап қана қоймай, жұмыс барысындағы қауіпсіздікті де ескерген жөн.

салынуы әбден мүмкін. Статистика бойынша әрбір адам жұмыста өмірінің үштен бір бөлігін өткізеді екен. Сол себепті, еңбек қауіпсіздігі жүйесі тиісті деңгейде ұйымдастырылғаны жөн. Еңбек қауіпсіздігі жүйесіне, атап айтқанда, еңбекті қорғау, еңбек гигиенасы, өндірістік санитария, электр қауіпсіздігі, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікке көп көңіл бөлінуі керек. Статистика жыл өткен сайын ұлғайып келеді. Былтыр мемлекеттік еңбек инспекторлары төрт мыңнан аса тексеру жүргізіп, 7 мыңнан астам заңбұзушылық анықтаған. Ал кәсіпорындар мен еңбек ұйымдарында жазатайым зардап шеккендер саны мың жарым адамға жеткен. Қайтыс болғандары – 208.

Бұл алдыңғы жылдан 15,5 пайыз өскенін көрсетеді. Биылғы 7 айдың көрсеткіші де өсім ұлғайып бара жатқанын дәлелдеп отыр. Бұған себеп те бар. Өйткені, жалпы тексерісте анықталатын қате-кемшіліктердің үштен бірі еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігі мәселесіне қатысты болып отыр.

«Көп асқанға – бір тосқан»



**Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ**

Қалада заңсыз ойын бизнесіне қатысы бар жалға беруші мен ұйымдастырушылар сотталды.

Қаржылық мониторинг агенттігінің Алматы қаласы бойынша аумақтық департаменті компьютерлік клуб түріндегі заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырушыларға қатысты сотқа дейінгі тергеуді аяқтады. Жедел-тергеу шаралары барысында көлеңкелі айналымнан ставка қабылдау, ұтыстарды есептеу және беру функциялары мен онлайн-казино ұйымдастыруға мүмкіндік беретін қосымшалары бар 104 ойын компьютерінің жиынтығы тәркіленіп алынды. Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырушылар ҚР ҚК 307-бабының 3-бөлігінің 2-тармағымен (аса ірі мөлшерде кіріс алумен заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру) қарастырылған қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, 4,5 жылға бас бостандығынан айырылды.

Бұдан басқа, 5,5 млн. теңгеден астам мөлшерде заңсыз кіріске ие болған заңсыз ойын бизнесі үшін үй-жайды жалға берген тұрғынға қатысты үкім шықты. Сот оған 1 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасын тағайындады. Сонымен қатар, мамандар ҚР ҚКА Қылмыстық кодексіне сәйкес ойын бизнесін ұйымдастырғаны үшін, сондай-ақ заңсыз құмар ойындарға жалға үй-жай ұсынғаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын ескертеді.

Алуан түрлі кәсіптің қай-қайсысында да қатер қатар жүреді. Яғни «қауіпсіз» қызмет болмайды. Қауіп-қатерге сіз тек құрылыс алаңдары мен жерасты жұмыстарында емес, жайлы жұмыс бөлмесінде де душар болуыңыз бек мүмкін.

**Назгүл ЖОЛДАСБАЙҚЫЗЫ,
заңгер:**

**ӘР ЖҰМЫС БЕРУШІ ЕҢБЕК
ШАРТЫН ҰСЫНУЫ КЕРЕК**

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдық мәліметтеріне ҚР Еңбек Кодексінің тұтастай бір бөлімі арналған. Себебі де түсінікті. Еңбек кезінде жұмысшы тарапынан да, жұмыс беруші тарапынан да ыңғайсыз жағдайлар туындамас үшін заң керек. Егер жұмысшы жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі мүлдем сақталмағанын білсе, жұмыс беруші еш әрекет жасамаса, жергілікті мемлекеттік еңбек инспекциясы іске қосылуы қажет. Өйткені, жұмыстағы салғырттықтан адам өлімі болуы мүмкін. Әсіресе, құрылыс саласында аса қатаң сақталуға тиіс ережелер бар.

**Венера ШӘРШБАЙҚЫЗЫ,
заңгер:**

**ЖАЗАТАЙЫМ
ЖАҒДАЙЛАР КӨБЕЙДІ**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 182-бабында көрсетілгендей, жұмыскердің еңбегін қорғау жұмыс берушінің басты міндеті. Басшы ретінде жергілікті жерлерде еңбекті қорғауды жүзеге асыру керек. Аталған баптың екінші тармағында: «жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға міндетті», – деп көрсетілген. Жұмыс беруші өз қызметкерлерін еңбек кезінде қамтамасыз етуі керек шарттардың арнайы тізімі бар. Бұл тізімде өндірістік процестердің қауіпсіздігі, еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар, жеке қорғаныс құралдарын беру және дұрыс жұмыс режимі бар. Сонымен қатар, еңбекті қорғау шаралары жүйелі болуы керек. Болмаған жағдайда жұмыс берушіге айыппұл



ЖЕТІСУ

18 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА



Рая ЕСКЕНДІР

Алматы қалалық Өңірлік коммуникациялар қызметі орталығында Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Көкебаева «Бюджетке қатысу» бағдарламасының орындалуы мен аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Аудан басшысының айтуынша, аталмыш бағдарламаға кез келген аудан тұрғыны қатысып, ауланы, көшені немесе алаңды абаттандыру бағытындағы өз жобасын ұсына алады. Мәселен, дәл қазір осы бағдарлама негізінде қолға алынып отырған 18 жобаны жүзеге асыру үшін жергілікті бюджеттен 785 млн. теңге қарастырылды.

Аудан әкімі қалалық ортаны дамыту бойынша ұсынылатын идеялардың дені негізінен аулаларды жөндеу мен қайта жаңарту бойынша ұсыныстар екенін атап көрсетті.

АЛАТАУ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҚСАРА ТҮСПЕК



Айжан БҮРКІТБАЕВА

Ағымдағы жылы Алатау ауданы әкімінің аппараты тарапынан «Бюджетке қатысу» бағдарламасы аясында Момышұлы көшесі мен Райымбек даңғылының қиылысындағы көлік жолаырығының астындағы аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Бұл жұмыс Алматы қаласының «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Ағымдағы жөндеу жұмыстары кезінде резина төсеу, орындықтар, қоқыс жәшіктерін және жарық шамдарын орнату, балалар мен спорт алаңының құрылысы қарастырылады.

Алматы қаласының сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында ауданда «Нұркен» шағынауданындағы 18 үйдің қасбеттеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша смета әзірленіп, бүгінгі таңда құрылыс жұмыстары басталды. Мердігер мекеме «Никонстрой» ЖШС болып табылады. Қазіргі таңда жұмыстар белгіленген өндірістік кестеге сәйкес жүзеге асырылуда. Құрылыс жұмыстарын толығымен аяқтау ағымдағы жылдың аяғына жос-

– Аудан тұрғындары өздері тұрып жатқан аумақты абаттандыруды қалайды, ол жерлерді жаяу жүруге де, көліктердің өтуіне де ыңғайлы етіп жасағысы келді. «Бюджетке қатысу» бағдарламасы аясында ауланы жаңартуға мүмкіндік болғаны жақсы. Себебі, тұрғындар барлық жұмыстарды жасау үшін қомақты қаражат жинай алмайтын еді. Әрине, жөндеуден кейін тұрғындардың негізгі міндеті – ауланы күту, абаттандырудың жылдар бойы тұрғындар үшін қызмет жасауын қамтамасыз ету, – деп атап өтті Гүлнар Көкебаева.

Дәл қазір «Бюджетке қатысу» жобасы аясында «Айнабұлақ», «Құлагер» ықшамаудандарының 101 ауласында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Олардың 90 пайызға жуығы орындалып, жалпы, жұмыс аяқталуға жақын.

Биыл «Айнабұлақ-3» ықшамауданында, Палладин көшесі, Сейфуллин мен Назарбаев даңғылының бойында, Омаров



парланған. Алатау ауданы әкімінің аппараты тарапынан аталған жұмыстар күнделікті қатаң бақылауға алынууда.

Сондай-ақ, биыл аудандағы жол инфрақұрылымын дамыту мақсатында

көшесі, «Құлагер» ықшамауданында алты сквер салынды. Сонымен қатар, осы ауданға қарасты 6 зираттың аумағы ретке келтірілді. Зиратқа апаратын жолдар асфальтталып, апатты ағаштар кесіліп, оларға санитарлық емдеу жұмыстары жүргізілді.

Аудан әкімі «Бюджетке қатысу» бағдарламасы аясында «Көкжиек» ықшамауданындағы «Жекпе-жек» спорт орталығы құрылысының аяқталып, «Көкмайса» ықшамауданы аумағында жатқан Есентай өзені бойында құрылыс жұмыстарының басталғанын жеткізді.

Жөндеу жұмыстары жүргізілетін жағалаудың жалпы ауданы 16 га, оның ішінде жасыл желектердің ауданы 7000 шаршы метрден асады. Қолға алынып отырған құрылысты 2022 жылдың ақпанында аяқтау жоспарланған.

Аудан әкімінің айтуынша, Жетісу ауданындағы көпқабатты үйлердің қасбеттерін жөндеу жұмыстары қазір де жалғасып жатыр. Мысалы, «Құлагер» ықшамауданында орналасқан 18 көпқабатты үйдің келбеті бірден өзгеріп, келбеттен түскен. Ал осындағы үш көпқабатты үйдің қабырғасына Республика Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Жетісу ауданының 85 жылдығына арналған муралдар салыныпты.

Сонымен қатар, аудан тұрғындарының өтініштері бойынша жеке сектор саналатын Лобачевский, Самырсын, Галилей, Жидебай, Еламан, Рысқұлов, Шелихов, Борзов, Таймырский, Мочалов көшелеріндегі аулаларға ойын алаңдарын орнату жұмыстары жүргізілуде, – деген аудан басшысы барлық жұмыстардың ағымдағы жылдың тамыз айында аяқталатынын жеткізді.

бірқатар шағынаудандарда жергілікті маңыздағы автожолдарды жақсарту бойынша жаңа жол құрылысы қарқынды жүргізілуде. Қазіргі таңда, Алматы қаласы қалалық мобильділік басқармасының тапсырысымен «Самғау» шағынауданында жалпы ұзындығы 4,6 шақырым болатын жаңа жол құрылысының жобасы іске асырылуда. Мердігер мекеме «Компания «АлматыДорСтрой» ЖШС болып табылады. Құрылыс жұмыстарын толығымен аяқтау ағымдағы жылдың қазан айына жоспарланған. Алатау ауданы әкімінің аппараты тарапынан күн сайын құрылыс барысына мониторинг жүргізіледі. Құрылыс жұмыстарының уақытылы және сапалы орындалуы аудан әкімдігінің тұрақты бақылауында.

Алатау ауданы әкімінің аппараты тарапынан Мөңке би көшесінің бойындағы артезиан су көзінің аумағын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыс Алматы қаласының «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Ағымдағы жөндеу жұмыстары кезінде асфальт төсеу, орындықтар, қоқыс жәшіктерін және жарық шамдарын орнату, балалар мен спорт алаңының құрылысы қарастырылады.

КӨРМЕ

Әдемі әлемге құштарлық



Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ

Ә.Қастеев атындағы Қазақстанның өнер мұражайында «қаланың бір бөлігі» пайда болды. Онда қалалық мүсінші Павел Шороховтың таңғажайып экспозициясы қойылды. Көрме автордың 75 жылдығына арналған. Онда көрермендер өздеріне бұрыннан таныс қалалық мүсіндерді көре алады.

Арбаттағы «Фламингоны», Орталық цирк алдындағы «Сайқымазақты», «Акробатты» және «Пантераны», Орталық саябақтағы «Барсты», тұрғын үй кешендерінің жанындағы «Пошталыны», «Суғарушыны» білмейтін, көрмеген алматылық жоқ шығар, сірә?! Алайда, бұл жұмыстардың авторын біріміз бірдей біле бермейміз ғой.

Павел Шорохов – бүгінде елдегі ең танымал станоктік, монументалды, мемориалдық және саябақ мүсінінің шеберлерінің бірі. Оның ағаштан, металдан және тастан жасалған жұмыстары өзекті, танымал, әсерлі. Олар қала аумағындағы көптеген саябақтардың, алаңдардың, тұтас қаланың визит картасына айналып үлгерген.

– Әлемде әскери қақтығыстар, қоғамдық қатынастардағы мәселелер секілді жағымсыз дүниелер көп. Мен оларды емес, әлемді әдемі күйінде көргім келеді. Сондықтан өз еңбегім арқылы әлемнің сұлулығын көрсетемін, – дейді мүсінші.

Экспозицияны тас және қола шеберінің ұлы Дмитрий Шорохов толықтырды. Ол акварель және майлы кескіндеме техникасын пайдалана отырып, портреттік, пейзаждық және натюрморт кескіндеме жанрында жұмыс істейді.

Бүгінде Павел Шороховтың шығармалары Қазақстан, Ресей, Германия және басқа да елдердің музейлері мен жеке коллекцияларында сақтаулы тұр.

ЖАҢА КІТАП

Саналы ұрпаққа сый



Әсел ДАҒЖАН

Қазақстандық Екатерина Ли Лондондағы Creative Spark Big Idea Challenge байқауында Mindful Generation («Саналы ұрпақ») балалар кітабы жобасы үшін марапатқа ие болды.

Британдық Kenes пен London Metropolitan University ұйымдастырған байқау түрлі салаларда (цифрлық технологиялар, креативті шешімдер, әлеуметтік маңызы бар және климаттың өзгеруі жайлы тақырыптарда) өз жобаларын ұсынатын жас кәсіпкерлер арасында өткізіледі.

Екатерина Лидің Mindful Generation балалар кітаптары инклюзия, ерекше қажеттілігі бар адамдар, экология, эмоционалды интеллект, буллинг және басқалар туралы қарапайым тілмен және жарқын суреттерімен баяндайды.

«Элина инклюзия туралы біледі» кітабы 2020 жылы ағылшын тілінде жарық көріп, Amazon арқылы сатылды. Бірінші айда ол ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған топ-40 кітаптың қатарына енді.

«Amazon арқылы кітапқа АҚШ-тың ең ірі қалаларынан тапсырыс берілді: Нью-Йорк, Бостон, Лос-Анджелес, Сан-Диего, Сан-Франциско, сондай-ақ Канада, Германия, Жапония және Оңтүстік Корея бар. Ал биыл аталған еңбек елімізде орыс және қазақ тілдерінде шығарылды.

Екатерина 2016 жылы Сан-Диегода (АҚШ, Калифорния) халықаралық даму және адам құқықтары саласындағы Бейбітшілік және сот төрелігі магистрі дипломын алған. Бүгінде ол жиендерімен бірге саналы өмір салтын үйренуді жалғастыруда және сол білімін кітап арқылы оқырмандарымен бөлісуде.



ҚҰРБАН АЙТТАН KEЙІНГІ ОЙ

Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ

МАЛ ТАҢДАЙ БІЛЕСІЗ БЕ?

Қалаға жақын «Қырғауылды» базары кешегі Құрбан айт кезінде көпшілікке қызмет көрсетті. Базардың бір жағында мал сатса, екінші жағына оны сойып, жайғастырып беретіндер орналасты. Біз де құрбандық малын сонда шалдық.

Әсіресе, құрбандықты сыртта көп-қабаты үйлерде тұратындар салады. Өйткені, жер үйлердегідей жеке аула мен оны жайғастырып алатын орын жоқ.

Құрбандықтың үшінші күні еді. Таңертең сағат 06.00 шамасында базарға келдік. Мал сататын ағайын жолдың бойына шығып кетіпті. Қолын бұлғап, ары-бері өткендерді шақырып жатыр. Бірінші, екінші күндері келгенімізде күтіп алмақ тұрмақ, сөйлесетін адам таппаған едік. Құрбан айттың соңғы күні болғасын, қорадағы қойларын ауылдарға қайта алып кетпес үшін де олар жүгіріп жүр. «Бағасын түсіреміз» деген сөзді де естіп қалдық. «Құрбандықтың малын саудаламайды» деуші еді деген ойдың жетегінде жүріп, жиырма шақты қойы бар қораның жанынан бір-ақ шықты. Жолдасым мал танымайтынын айтып, қораның қожайынына сенді. Ол бір қоныр қойды сирағынан ұстап, тобырдан алып шықты. Жанындағылар «үлкен қой» деп қояды. Жүні қырқылмаған екен. Жалпы, байқағаным, көпшіліктің сатып жатқан қойлары қырқылмапты. Түбінде «үлкен болып көрінсін» деген ой жатыр-ау.

ӘР АДЫМЫҢ – АҚША

Уақыттың таңғы сағат 6 екеніне қарамастан мал соятын орынға кезек көп екен. Әр қораның өз қасапшысы бар. Сондықтан біз оны іздемедік. Қасапшы қойды иығына өңгеріп алып, мал соятын жерге беттеп келеді. Бізге қарап «бағана орын алып қойғам» деді де, «қасапханаға кіруге 2000 беріңіз» деді.

Қасапхана алдында екі жігіт тұр. Әлгі қасапшылардың бәрі оларға бір қой үшін 2000 теңге береді екен. Ал сойғаны үшін қасапшыға 5000 теңге беруі керек. Ол қызметтерін де төлеп болып жатқанымызда, артымыздан біреу «Құран оқытып алыңыз» деді. Қасапхананың оң жағында Құран бағыштайтын орын бар екен. Алдына садақаға арналған кішкентай жәшік қойылыпты. Атаған садақаңыз болса, сонда салады екенсіз. Ал Құран оқығанға ақша алмайды.

ҚЫР-СЫРЫ КӨП ҚҰРБАНДЫҚ



МАЛ АЯҚПЕН КЕЛЕДІ

Қасапхананың ішінде бір адам сойылған малдың терісін, сирағын жинаса, тағы бір адам шашылған-төгілгендерді жинап жүр. Сирақ демекші, менің әжем үнемі «мал аяғымен келеді, сирақты жеу керек» деп отыратын. Мал сойсақ та бірден бас-сирақты үйітіп, жуып-шайып қазанға сала қоятынбыз. Етті жайғастырып, қуырдақ қуырылам дегенше ол да пісіп қалатын. Әжем сирақтардың құйқасын біздерге

таратып беріп, өзі жілігін шағып, арасындағы сұйықтықты ішіп алатын. Оның ішінде май болмайды. Әкелеріміз «апа, соны ішсеңіз аяғыңыз жазылып кете ме?» деп әзілдесе, әжеміз «сирақтың сұйықтығы сираққа барады» дейтін. Не керек, сирақтың суын ішіп жүріп әжеміз бүгінде 85-ке келді. Таяққа сүйенбейді, тік жүреді.

Жолдасым басы-қасында тұрғанын өзінде жинап жүрген кісі біздің малдың бір сирағын ала кетіпті. Содан үйге 3 сирақты алып қайттық.

ТЕРІ ӨТКІЗІП, ТӘТТІ ЖЕГЕНБІЗ

Үйіліп жатқан теріге, шашылып жатқан сирақтарға қарап, «осыны бір кәдеге жаратса болмай ма?» деген ой келді. Біз кішкентай кезімізде мал сойса, соның терісі мен ащы ішегін апарып, ауылдың шетінде тұратын

үйге өткізетінбіз. Әлі есімде, ол үшін 250 теңге беретін. Ақшаның құны бар кез, ол кезде оған біраз нәрсе келетін. Тәттіге тоятынбыз. Бастысы тері бүтін, ішек үзілмеген болу керек. Сондықтан су құйып тұрып «ішекті үзбей беріңізші» деп тұратынбыз. Сол кезде әкем «ішектен жіп өреді» дейтін. Ал бүгінде ол неге тоқтап қалды?

ҰРЛЫҚ ЖАСАП ҮЛГЕРЕДІ

Құран оқытып болып, қасапханаға келдік. Жолдасым ішіне кіріп кетті. Сол аралықта сыртта оншақты қой кезекке қойылып үлгеріпті. Ішек-қарын тазалайтындар, бас-сирақ үйтетіндер де жүгіріп жүр. Олар келушілермен емес, қасапшылармен келіседі екен. Соңында ішек-қарын тазалағанға 1500 теңге, бас-сирақ үйткенге 1000 теңге бересіз. Қарап тұрсаңыз, оңай шаруа емес. Үйде бір малдың ішек-қарнымен бүлініп кетеміз, ал олар күніне 100–150 малды жайғастыруда. Еңбегін адал деуге болады. Бірақ күтіп тұрып, солардың ішекпен жұмысы жоқ, онша тани бермейтін кісілерді алдап жібергенін көріп қалдым. «Балалар үйіне апарам» деп сойғызған малдың өзінің майлы ішектерін тығып алып қалып жатқандарын көргенде, «адалдық қайда?» деген сұрақпен бетпе-бет келесіз. Жан-жағына алақ-жұлақ қарап, иесі қарамай тұрса болды, ішектерді терінің астына зытырып жібереді екен. Қарынды алайын десе, ол біреу-ақ. Сондықтан ауызды ішекке салған. Ер адамдар әйелдердің топырлаған жеріне бас сұға бермейді ғой. Олар соны пайдаланып жатыр.

ҮЙІЛГЕН ІШЕК-ҚАРЫН КӨРМЕДІК

Былыр Құрбан айттан кейін көшеде үйілген ішек-қарындарға куә болғанбыз. Көпшілік құрбандық шала тұрып ысырапшылыққа жол беріп, ішек-қарындарын алмаған. Ал биыл ішек те, қарын да керек болып, жұрт басынан тазалатып алып кетіп жатыр. Оған да қуанып қалады екенсіз.

Қысқасы, біздің гәуһиген қоныр қой терісін сылғаннан кейін сыйдыып қалды. Оны көтеріп тұрған қырқылмаған жүні екен. Сонда сатушылар құрбандық малын да алдап сататын болып тұр ғой. «35–40 келі шығады» деген малдың еті 30 келіге әрең жетіп жығылды.

«СҰЛУ СОЮ» ДЕГЕН ҚАНДАЙ?

Жүн дейміз, кезінде ата-бабамыз жүннен киім киіп, көрпе жамылып, текемет төсеген емес пе? Сонда қазір қырықтық болмай ма? Жүн де қажетке жарамай қалды ма? Әлде, бұл сатушылардың айласы ма?

«Мал таниды» деп жатамыз. Рас, оны сыртынан қарап тану да, жілікке бөліп тану да екінші бірінің қолынан келе бермейді. Буын-буынға түсіп сойып, жіліктеу, етке қыл тигізбей таза етіп сою кәсіби қасапшының ғана қолынан келеді. Сенесіз бе, қасапшылар бір қойға ары кетсе 20 минут жұмсап жатты. Етті жілік-жілікке бөліп, қалталарға салып берді. Қалта демекші, онда үлкен-үлкен қалталарды 9-10 жасар балалар жүгіріп жүріп сатып жүр. Олар да тәтті ұйқыларын қиып, таңмен жарыса жұмыстарына келіпті. Үйден дайындап әкелсек те, балақайлардың саудасын жүргіздік.

Қысқасы, «құрбандық шалу – біреуге сауап, біреуге бизнес, біреуге пайда көзі» деген ойға келдім. Ал бизнес пен пайда жүрген жерде айла мен қулық қатар жүретіні анық. Мейлі, ол Алла жолындағы амал болса да.

Үйге етті апарғанда әжеміз қалтаны ашты да «сұлу сойыпты» деді. 40 жыл қойшы ауылда тұрған шопанның келіні берген баға қасапшының кәсібилігін көрсеткендей болды.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Айжан БҮРКІТБАЕВА

Елімізде карантин басталған уақытта жұмысынан босатылып, қызметінен қол үзгендер саны артты. Есесіне, нәпақасын ғаламтордан іздеушілер көбейді. Бұл – ақпарат алаңына айналған әлеуметтік желі арқылы табыс табуға әрекеттену деген сөз. Жалпы, салықтан саспайтын ғаламтор арқылы кәсіп бастау қаншалықты заңды? Желі пайдаланушылары «ауадан ақша жасауға» машықтанып алған тәрізді. Осы тұрғыда ғаламторды табыс көзіне айналдырғандар туралы зерттеп көрдік.

Статистикалық деректерге сәйкес, әлем бойынша ғаламтор тұтынушыларының саны 4,5 млрд.-тан асып жығылады. Оның ішінде әлеуметтік желі пайдаланушылары – 2,8 млрд. адамды құрайды. Қолданушыларының саны еселенген сайын желінің қызметтер аясы кеңейіп түседі. Бүгінде әлеуметтік желі, атап айтқанда, Facebook, Instagram арқылы қыруар қаржыны қармап қалатындарды жиі кездестіреміз. Екіншісі «блогер, вайнер» деген желеумен оқырмандар санын арттырып, ақшаны «аспандатып» жатыр. Бұл заңды ма? Сұрағымызға Мемлекеттік кірістер комитеті басқармасының маманы Әйгерім Жансеріктің пікірінше, әлеуметтік желіде, әсіресе жарнама арқылы көп табыс табуға болады.

– Өзіміз көріп жүргендей, оқырмандар саны 100–150 мың және одан да жоғарыны құрайтын блогерлер аз уақыт ішінде жылжымайтын мүлік, дүкен және т.б. қол жеткізіп



заңды ма?

жатқанын байқаймыз. Бұл – жарнама арқылы түсетін табыс көрінісі. Посттарындағы лайк, пікірлер санын есептеп, паракша иесі жарнамасының бағасын есептейді. Ал өзінің дүкеніне, қандай да бір кәсібіне жарнама істегісі келетін тұтынушы оларға ұсыныс білдіреді. Әлеуметтік желі арқылы табыс табу деген – осы. Заңды тұрғыда қарайтын болсақ, табыс тапқаннан кейін салық төлеу міндетті. Ол блогер болсын, онлайн-дүкен немесе үйде отырып бәліштер сататын адам болсын, салық төлеуі тиіс. Заң аясында жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп салық төлеуге, иә болмаса көрсетілген табыстың 10 пайызын салыққа төлеуі керек. Электронды сауданың арнайы бекітілген тәртібі бар. Егер бұл тәр-

тіпке сәйкес жұмыс атқармайтындар болса, оларға камералды бақылау басқармасы арнайы хабарлама жіберіп, өз еркімен салық төлеуге мүмкіндік береді. Тіпті, ешқандай назар аудармаса, мәжбүрлі түрде өндіріп алу шаралары қолданылады. Әлеуметтік желі арқылы ұтыс ойындарын өткізіп жүргендер де қатаң бақылауда, – дейді ол.

Ал әлеуметтанушы Сапаргүл Жанғабылқызы әлеуметтік желіде жарнама арқылы ақша табатындардың біразы сауатсыз екенін айтып, нағиды. Айтуынша, қазақы менталитетке сай келмейтін дүниелерді жарнамалау жиілеп кеткен.

– Ғаламтор жүйесі өмірімізге енбей тұрған кезге дейін жарық көріп жатқан кітап,

баспа өнімдері редактор, корректор мамандарының қырағы көзінен өтетін. Ол тіл тазалығының сақталуына, сауатсыздыққа жол бермеуге айтарлықтай әсер ететін. Қазір әлеуметтік желідегі сауаттылықты қадағалап отырған адам жоқ. Әркім өз білгенін салады. Кезінде, «теледидар – тәрбиелесуші құрал» дейтін едік. Қазір ғаламторды тәрбие құралына балауға тура келіп отыр. Бала, немерелеріміз де ғаламторды пайдаланатындықтан, әлеуметтік желілерге сауаттылық, тәрбие керек. Кішкентай бөбектеріміз соны көріп, дұрыс бағытта өсіп-өнетіндей болу керек. Қазір қарап отырсақ, болсын-болмасын көрінген нәрсені аудитория назарына ұсына салады. Белгілі бір шектеу қою керек. Мысалы, жарнама арқылы табыс табатындарды айтатын болсақ, жарнаманы да ұтымды пайдалануға болады ғой. Олар біздің табиғатымызға, тәрбиемізге сай келмейтін дүниелерді көпшілік назарына ұсына салады. Олар құмар ойынды, ойынға ақша тигізді, төсекке қатысты небір нәрселерді жарнамалайды. Көріп отырған біз ұялып кетеміз. Ал бұларды көрген, санасы толық қалыптаса қоймаған кішкентайлар не ойлайды, қандай тәрбие алады? – дейді әлеуметтанушы.

P.S.:

Әлемдік тенденцияға сай дамып жатқан әлеуметтік желінің мүмкіндігі зор, аясы кең. «Қолыңнан келсе, қонышыңнан бас» дегендей, желіні өз ырығына көндіріп, табыс тауып жатқандардың қызметіне қыңырлық білдірмейміз. Алайда, қандай жұмыс көзі болсын, заңнан аттап, дәстүрді таптамаса дейміз.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Төрехан
ДАНИЯРОВ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырады анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

2004 жылы республикада саяси модернизациялау мәселелеріне, Елбасының дәстүрлі Жолдауында айтылғандай, демократиялық реформаларды тереңдете дамыту қажеттілігіне айрықша басымдық берілді. Осы орайда Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен ҚР Президенті жанынан Демократия мен азаматтық қоғам мәселелері жөнінде Ұлттық комиссияның құрылуының саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын дайындаудағы маңызы зор болды.

Бұл жыл еліміз үшін саяси жаңғыру мәселелерінде нағыз серпілісті кезең ретінде сипатталады. Мемлекет басшысы 2004 жылғы 19 наурыздағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстанға, бәсекеге қабілетті экономикаға, бәсекеге қабілетті ұлтқа» атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі ретінде демократиялық реформаларды одан әрі тереңдету қажеттігі туралы мәлімдеді.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссия құрылды, ол саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын жан-жақты талқылау және оны іске асыру жөнінде



2004 жылғы 24 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа резиденциясының ашылу салтанатына қатысып, сөз сөйледі. «Қазақ елінің елордасы Астана болса, Астанамыздың жүрегі енді осы Ақорда болмақ», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

практикалық шаралар әзірлеу мақсатында азаматтық қоғаммен кең диалогты ұйымдастыруға ықпал етуге тиіс болды.

Жылдың басты стратегиялық бағыттары: билік тармақтарының өкілеттіктерін қайта қарап, мемлекеттік басқаруды

орталықсыздандыру, бюджетаралық «бөліністі» енгізу, сайлау заңдылығын либераландыру, әкімдердің сайлануын кезең-кезеңмен енгізу, Парламент өкілеттігін кеңейту, мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру, жемқорлыққа қарсы күресті нығайту. Сайлаушылар тізімдері мен дауыс беру процесін ашық әрі әділ жүргізуге және сайлау нәтижелерін анықтау кезінде ашықтықты, дәлдікті және жеделдікті қамтамасыз етуге бағытталған «Сайлау» электронды дауыс берудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі пайдалануға берілді. Маңызды оқиғалардың бірі – Президент бастамашысы болған Еуразиялық одақ идеясының 10 жылдығы. Осыған орай Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде «Еуразияшылдық: идеядан – практикаға» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Бұл жылы Алматыда ақпараттық технологиялар паркі, өндірісі дамыған аймақтарда үш технопарк құрылды. 2003–2015 жылдарға индустриалды-инновациялық даму Стратегиясын жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінді. Машина жасау, құрылыс, химия мен мұнай өндірісі, ақпараттық технология, металлургия, аэрокосмостық қызмет салаларында жаңа жоғары технологиялық өндірісті дамыту қолға алынды.

ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

2004

ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ
ОҚИҒАЛАРЫ

1. Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Саяси реформалардың бүкілұлттық бағдарламасы
3. ҚР Парламенті Мәжілісінің сайлауы.
4. Нұр-Сұлтанда Елбасы резиденциясы – «Ақ орданың» ашылуы.



9 ҚАҢТАР

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Ресей Президенті В.В.Путинмен кездесті. Президенттер Конгресс-холлда өткен Қазақстандағы Ресей жылының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

18–22 ҚАҢТАР

Елбасы ресми сапармен Біріккен Араб Әмірліктеріне барды. Нұрсұлтан



Назарбаевтың осы елдің басшысы Шейх Заид бен Сұлтан Әл Нахаянмен кездесуі

екі елдің ынтымақтастығында жаңа тиімді байланыстарға жол ашты. Сапар аясында «Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері» бизнес форумының өтуі бұл ынтымақтастыққа алғышарт жасады.

6 АҚПАН

Елордада Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен қазақ даласы үшін маңызы зор әлеуметтік-экономикалық жоба, жиырмасыншы ғасырдың әлемге әйгілі тарихи оқиғаларының бірі – тың және тыңайған жерлерді игерудің 50 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті.



22 СӘУІР

Нұрсұлтан Назарбаев Алматы қаласында өткен III Еуразиялық медиа-форумға қатысты.



16–19 МАМЫР

Мемлекет басшысы мемлекеттік сапармен Қытай Халық Республикасына барды. Екіжақты маңызды келіссөздердің нәтижесінде «Атасу – Алашаңқай мұнай құбырының құрылысы туралы» уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл – Қазақстанның мұнай-газ саласын дамытуға мүмкіндік ашқан қадам болды.



24 МАМЫР

Украинаның Ялта қаласында Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы Келісімге келген Қазақстан, Ресей, Беларусь және Украина мемлекеттерінің басшылары бас қосты. Саммитте төртжақты ынтымақтастықтың маңызды мәселелері талқыланды.



16-17 МАУСЫМ

Нұрсұлтан Назарбаев Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында өткен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кеңейтілген отырысына қатысты.



18 МАУСЫМ

Мемлекет басшысы Нұр-Сұлтанда өткен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің X отырысына төрағалық етті.



Сол күні Президент Елордада ҰҚШҰ Ұжымдық Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті сессиясына қатысты.

28-29 МАУСЫМ

Елбасы Түркия Республикасының Стамбул қаласында өткен Солтүстікатлантикалық альянсқа (НАТО/СЕАП) мүше мемлекеттер саммитіне барды.



ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ ОТЫЗ СӘТІ



Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Ресей Президенті В.В.Путинмен кездесті. Президенттер Конгресс-холлда өткен Қазақстандағы Ресей жылының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 50 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫНАН:

2004 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың: БҰҰ Қауіпсіздік кеңесін кеңейту және БҰҰ Бас

хатшысының жанындағы Өңірлік ұйымдар кеңесін құру қажеттігі туралы ұсынысы халықаралық деңгейде қолдау тапты.



Жыл соңында Мемлекет басшысы Президенттің «Ақорда» резиденциясының салтанатты ашылу рәсіміне және Елорданың сол жағалауындағы жаңа ғимаратта өткен Парламент Мәжілісінің бірінші жалпы отырысына қатысты. Бұл оқиғалар Қазақстанның саяси дамудың жаңа кезеңіне өтуінің символындай еді.

Елбасы әдеттегідей, жылма-жыл, жылдардың түйісер сәтіндегі Қазақстан халқын Жаңа жылмен дәстүрлі құттықтауында 2004 жылғы ел дамуына да өз бағасын берді. «...Өткен жылға өкпеміз жоқ. Өсіп-өркендеу жолына түскен Қазақстан жүрісінен жаңылмай, аршындап алға басты. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бауырымыз бүтін болды. Халықтың әл-ауқаты өсіп, мемлекетіміздің абыройы асқақтады», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Туелсіз Қазақстан саяси дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты...

17-18 ҚАЗАН

Елбасы Душанбеде өткен Орталық Азия ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің басқосуына барды.



3 ҚАРАША

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысына қатысып, үшінші сайланған Парламенттің I сессиясын ашты.

30 ҚАРАША

Нұрсұлтан Назарбаев ұзындығы 400 шақырымнан асатын Алтынсарин Хромтау теміржол желісінің тұсауын кесті.

1 ЖЕЛТОҚСАН

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен Каспий теңізі қайранының қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мәселелері жөнінде кеңес өткізді.



24 ЖЕЛТОҚСАН

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа резиденциясының ашылу салтанатына қатысып, сөз сөйледі. «Қазақ елінің елордасы Астана болса, Астанамыздың жүрегі енді осы Ақорда болмақ» деді Нұрсұлтан Назарбаев.

СТАТИСТИКА:

2004 жылы жалпы айтқанда, Президенттің қатысуымен 300-ден астам шаралар өтті. Елбасы республика өңірлеріне 14 рет, шет елдерге 17 рет ресми сапарға шықты. Жыл аясындағы Мемлекет басшысының сапары 96 күнге созылса, оның 39 күні – шет елде, 57 күні – республика аймақтарында өткен.

Бір жыл ішінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, мемлекеттік кадр саясатын жетілдіру, Каспий теңізінің қазақстандық секторын игеру, бюджет және т.б. өзекті мәселелер жөнінде 30-ға жуық кеңестер, жиналыстар өткізілген. Барлығы екі мыңнан астам құжаттар мен материалдар қаралып, оның ішінде 118 Заң қабылданып, 231 Жарлыққа қол қойылды.



2 ТАМЫЗ

Мемлекет басшысы Қазақстанға келген Америка Құрама Штаттары орталық әскери башылығының қолбасшысы, генерал Джон Абизейдті қабылдады.



6 ТАМЫЗ

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан теміржолының 100 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысып, теміржол саласы қызметкерлерін мерейтойымен құттықтады.



13-19 ТАМЫЗ

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс сапарымен Грекия Республикасына барды. Сапар аясында Мемлекет басшысы құрметті қонақ ретінде XXVIII жазғы Олимпиада ойындарының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.



7 ҚЫРКҮЙЕК


Президент Елордада өткен Қазақстан әйелдерінің IV Форумында сөз сөйледі.

8 ҚЫРКҮЙЕК

Мемлекет басшысы өзінің Алматыдағы резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Чех Республикасының Президенті В.Клауспен кездесті.

15 ҚЫРКҮЙЕК

Елордада Біртұтас экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттер басшыларының Саммиті өтті. БЭК елдерінің көшбасшылары (Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина) шағын құрамда кездесті, содан кейін консультациялар делегация мүшелерінің қатысуымен жалғасты. Талқылау қорытындысы бойынша қабылданған бірлескен мәлімдемеде Владимир Путин, Александр Лукашенко, Нұрсұлтан Назарбаев және Леонид Кучма БЭК шеңберінде 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап межелі ел бойынша тауарлармен, оның ішінде табиғи газбен, мұнаймен және газ конденсатымен өзара сауда кезінде ҚҚС алу қағидатын енгізу туралы жариялады. Ресей, Беларусь, Украина және Қазақстан Президенттері Жоғары деңгейдегі топқа төрт мемлекет азаматтарының шекарадан өту ережелерін жеңіл-



дету үшін қажетті келісімдер дайындауды тапсырды. Сонымен қатар, мемлекет басшылары бірінші кезекте қол қоюға жататын 29 Халықаралық құжаттан тұратын тізімді мақұлдады.

19 ҚЫРКҮЙЕК

Ағымдағы жылдың басты саяси оқиғасы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің сайлауы өтті. Сайлауға қатысқан партиялар арасында «Отан» – сайлаушылардың 67,5 пайызының дауысын алса, «Азаматтық» және «Аграрлық» партиялардың «АИСТ» блогы – 18,2%, «Асар» – 5,2%, «Ақ жол» – 2,6%, Қазақстанның демократиялық партиясы – 1,3%, өзін-өзі ұсынғандар – 5,2% дауыс жинады.

12 ҚАЗАН

Нұр-Сұлтан (ол кезде – Астана) қаласында Қазақстанның Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезі болып өтті. Оған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.

ЖЫЛ ТҮЙІНІ:

2004 жылы еліміздің қоғамдық-саяси өмірінің елеулі оқиғаларының қатарында тың жерлерді игерудің 50 жылдығын мерекелеу, III Еуразиялық медиа-форум, Қазақстан әйелдерінің IV форумы, Президенттің республикалық теледидардағы тікелей эфирі, Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезі сияқты маңызды алқалы жиындар болғанын атап өткен жөн.

Нұрсұлтан Назарбаев жыл бойы қоғам өкілдерімен 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы мәселелері бойынша бірнеше рет кездесті, оны іске асыру Президенттің 2004 жылғы 13 қаңтардағы Жарлығына сәйкес бастау алды.

(Жалғасы бар. Деректер мен суреттер ашық интернет көздерінен алынды).

ДҮЙСЕНБІ
9 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
6.30 Бақытты отбасы
7.00 Ура, каникулы!
8.00 Таңғы студия
9.15 Ура, каникулы!
11.15 Әсем әуен
12.00 Телехикая. Ыстық ұя
10 серия
13.10 Телехикая
14.00 Телехикая. Шыңғыс хан
5 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Телесериал.
Серебряный бор
24 серия
16.30 Телесериал
17.30 Телесериал.
Криминальная полиция
32 серия
18.30 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда
(тікелей эфир)
20.40 Телехикая
21.35 Телехикая. Ыстық ұя
11 серия
22.45 Телесериал
23.45 Телесериал
